



ТАЛБЕСІК



ӘДЕП пен ӘДЕТ

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



АЯЗЫ МОЛ
«АҚЫРАП»

РУХАНИЯТ



ТАРИХИ
СЕРИАЛДАР НЕГЕ
ТҮСІРІЛМЕЙДІ?

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.12.2022

Түнде:

-5-10 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:

-1-6 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

9.12.2022

Түнде:

-5-10 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:

-1-6 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Алматы

AQSHAMY

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №145 (6280) 8 желтоқсан, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БИЗНЕСТІ НЕГІЗСІЗ БАҚЫЛАУҒА ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ



Мемлекет басшысы «Алтын сапа» және «Парыз» байқауларының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі кезінде бизнесті негізсіз және шектен тыс бақылауға, қылмыстық құдалауға жол беруге болмайтыны туралы айтты.

ӘЛЕУМЕТ

ЖӘРМЕҢКЕ ЖАСТАРДЫ ЖИНАДЫ



Алматыда жалпықалалық CAREER time бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Балуан Шолақ атындағы іргелі спорт кешенінде ұйымдастырылған әлеуметтік іс-шараға 200-ден астам компания, 35 ЖОО мен 83 колледж түлектері және жұмыссыз жастар қатысты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Иә, бүгінгі күні жұмыссыздық тақырыбы әлі де күн тәртібінен түспей тұр. Сондықтан осы түйінді мәселені шешудің бір жолы осындай жәрмеңкелер өткізу болып отыр.

Бос орындар жәрмеңкесінің мақсаты – жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасына тікелей байланыс орнатып, білім беру ұйымдарының түлектері мен жастарды жұмысқа орналастыруға дәнекер болу.

Әсіресе, NEET санатындағы (жұмыссыз, білім алуға да, кәсіп игеруге де аса құлықсыз, жұмыспен қамту саласынан

тыс жүрген) жастардың санын азайтуға ерекше назар аударылады. Ресми дерек көздеріне сүйенсек, біздің мегаполисте 14–35 жастағы азаматтардың жалпы санының 6,0%-ын NEET құрайды. Осы орайда айта кетсек, «Алматының 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасында» бұл көрсеткішті 3%-ға дейін төмендету көзделген.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде мамандар ҚР еңбек заңнамасына сәйкес толық ақпараттармен бөлісіп, жәрмеңке қонақтарына буклеттер, жадынамалар сынды анықтамалық-ақпараттық материалдарды ұсынды. Сондай-ақ, жұмысқа орналастыру жөніндегі жетекші мамандар «шеберлік дәрістерін» жүргізді.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Астанаға ресми сапармен келген Литва Республикасының Сыртқы істер министрі Габриэлос Ландсбергисті қабылдады.
- Әлихан Смайылов Екібастұздағы жағдай бойынша Президентке есеп берді.
- Бүгін Ұлттық кітапханада «Ғұлама мұрасы – халық қазынасы» атты «дөңгелек үстел» аясында Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық шығармалар жинағының тұсаукесері өтеді.
- Алматыда бүгін көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевқа арналған концерт өтеді.
- Бүгін Алматыда «Мұхтар Әуезов әлемі» лонгрид байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтеді.
- Қазақстандықтар әлемнің 29 еліне тікелей рейспен ұша алады.
- Елімізде қазақ күресінен кезекті дүниежүзілік дода 12 желтоқсанда басталады.
- 12–18 желтоқсан аралығында Алматыда XVI Халықаралық «Еуразия» кинофестивалі өтеді.
- Қазақстандық әуе компаниялар биыл 9 млн жолаушыны тасымалдады.
- Екібастұзда барлық зардап шеккен үйге жылу берілді.
- Алматыда 9–11 және 16–18 желтоқсан күндері шорт-тректен әлем кубогының III және IV кезеңдері өтеді.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұздағы жөндеу жұмыстарының барысы туралы Премьер-Министрдің баяндамасын тыңдады.

Қабылданған шаралар қаланы қиын жағдайдан шығаруға септігін тигізді. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарға жедел басшылық жасау тапсырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы Үкіметке қалаларды қысқы жылыту маусымына дайындау кезінде жіберілген қателіктерге мұқият талдау жүргізу міндетін жүктеді. Сондай-ақ, Үкіметке Екібастұзда және басқа да елді мекендерде қалыптасқан күрделі жағдайды түбегейлі өзгерту үшін нақты шешімдер қабылдау тапсырылды. Бұдан бөлек, жекешелендірілген энергетикалық активтерге және олардың иесінің жауапкершілігіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Президент Үкімет пен құқық қорғау органдарының барлық жұмысы өзінің жеке бақылауында екенін атап өтті.

■ СЕНАТ

Сенатта баланы 1,5 жасқа дейін күтуге берілетін жәрдемақы туралы заң жобасы қаралды.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, депутаттар Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері туралы заң жобасын талқылады. Құжатта жастардың жастық мезесін 35 жасқа дейін ұлғайту, жастар ресурстық орталықтарының функцияларын кеңейту, мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарына жастардың цифрлық сауаттылығын арттыруды және волонтерлік қызметті дамытуды қосу, сондай-ақ баланың 1,5 жасқа толғанға дейінгі күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімін ұлғайту туралы мәселелері қарастырылған. Сенаторлар бұл ережелер мемлекеттік жастар саясаты мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнаманы жетілдіруге ықпал етеді деп санайды. Кеңейтілген отырыстың қорытындысы бойынша заң жобасын Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылданды.

■ МӘЖІЛІС

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Гүлдіара Нұримова-ның төрағалығымен өткен кеңесте «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу. Проблемалар мен перспективалар» тақырыбында ұйымдастырылған дөңгелек үстелдегі ұсынымдар талқыланды. «Биыл денсаулық сақтау саласында тарифтерді белгілеу, медициналық қызметтерді уақытылы төлеу, медициналық ұйымдарды қаржыландырудың жеткіліксіздігі бойынша күрделі жағдай орын алды. Осыған байланысты бүгінде олардың тауарлар мен жабдықтарды жеткізушілерге үлкен кредиторлық берешегі бар. Кейбір ауруханаларда жалақыны кешіктіру және тарифтерді төмендету жағдайлары болды», – деді Г.Нұримова.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру саласындағы қазіргі жағдай туралы Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев баяндады. Ал медициналық қызметтерді қаржыландырудың түйткілді мәселелері туралы ӘМҚК АЕҰ басқарма төрағасының орынбасары Гүлжан Шайхыбекова айтты. Нәтижесінде ӘМҚК өкілі қор қарыздарды өтеуге көмектесетініне, бірінші вице-министр тарифтер желтоқсан айында бекітілетініне, Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау жүйесіне қосымша қаржы іздейтініне уәде берді.

■ ҮКІМЕТ

Еуразиялық даму банкі 2022 жылы қазақстандық жобаларға инвестициялар көлемін ұлғайтты.

ҚР Премьер-Министрі, Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) Кеңесінің төрағасы Әлихан Смайылов қаржы ұйымының басқарма төрағасы Николай Подгузовпен кездесті. 2022 жылғы ЕАДБ жұмысының алдын ала қорытындылары және келесі жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды. Мәселен, Биыл Банк республикадағы жобаларға салынған инвестицияларды \$1,2 млрд-қа дейін ұлғайтты, бұл өткен жылдың жоспардағы индикаторлары мен көрсеткіштерінен асып түсті. 2023 жылы ел экономикасының басым салаларына тағы \$1,1 млрд бағыттау жоспарланып отыр. Николай Подгузов 2026 жылға дейін Қазақстанда жобаларды іске асыруға кемінде \$3,8 млрд көзделгенін хабарлады.

«Келер жылы қаржыландыру кезінде логистикалық инфрақұрылымды дамытуға, су ресурстарымен, азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге, экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға бағытталған жобаларға басымдық беріледі», — деді ЕАДБ басшысы.

■ МИНИСТР

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев мәлімдегендей, 2022 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша республиканың балық өнімдері нарығының құрылымы келесідей: ауланғаны – 42,6 мың тонна, өсірілгені – 14,1 мың тонна, экспорт – 16 мың тонна, импорт – 32 мың тонна.

Үкімет отырысында балық саласының даму қарқыны мәселесі қаралды. Мемлекеттік қолдау шаралары Қазақстанда балық өндіру және экспорттау көлемін арттыруға серпін берді. 2021 жылғы сәуірде қабылданған Балық саласын дамыту бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде 2030 жылға қарай 270 мың тоннаға дейін балық өсіру, балық өнімдерін ішкі тұтынуды жылына 134 мың тоннаға дейін ұлғайту және импорт көлемін 45 мың тоннадан 25 мың тоннаға дейін азайту жоспарланып отыр. Көрсетілген индикаторларға қол жеткізу үшін қазіргі уақытта бизнес үшін өндірістік және инвестициялық шығындарды субсидиялау, әкімшілік рәсімдерді оңайлату және т.б. қолайлы жағдайлар жасалып жатыр. Жалпы мыңнан астам жаңа шаруашылық құру жоспарланып отыр. Оның 47-сі ірі бизнес түрі, ал инвестицияның жалпы көлемі – 150 млрд теңгені құрады. Бүгінде елімізде 72 кәсіпорын балық өңдеумен айналысады. Оның 17-сі жоғары талаптарға сай келеді және Еуропалық Одақ елдеріне балық өнімдерін экспорттау құқығын алды, қалғандары ішкі нарық пен таяу және қиыр шет елдерге бағдарланған. Осы бағытты қолдау мақсатында терең өңделген балық өнімдерін субсидиялауды және ҚҚС бөлігінде салықтық жеңілдіктерді енгізу жоспарлануда.

■ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БИЗНЕСТІ НЕГІЗСІЗ БАҚЫЛАУҒА
ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Президент алдағы жеті жылда кәсіпкерлік белсенділікті шектейтін барлық кедергіні жоюға күш салынатынын айтып, бизнесті өркендету үшін нақты шаралар қабылдана беретініне тоқталды.

– Бизнесті реттеудің жаңа тәсілдері. Басынан бастап реттеу институтын енгізуге бір жыл қалды. Үкімет бизнестің дамуына кедергі келтіретін артық талаптарды анықтау жөнінде ауқымды жұмыс жүргізді. Экономиканың түрлі саласында жаңа реттеу саясатына сай келмейтін 6,5 мыңнан астам талап анықталды. Енді Үкімет «Атамекен» палатасымен бірлесіп, заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістерді жедел енгізуі керек. 2024 жылдың басынан бастап жаңа тәсілдерге іс жүзінде көшуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

■ БРИФИНГ

«АБАЙЛАҢЫЗ, ЖҰҚА МҰЗ!»

Алматы құтқарушылары қыс маусымында қаланың су қоймаларына рейд жүргізуде.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Исхар Савазов қыс маусымындағы қауіпсіздіктің негізгі ережелерін еске салды.

Ауа температурасының төмендеуінен су қоймаларында мұз пайда болады, бірақ ол адам салмағын көтере алмайды. Жыл сайын жұқа мұз адамдардың өліміне себеп болып жатады.

Спикер қыс мезгілінде су айдындарында адамдардың қаза болуына байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында аудандық төтенше жағдайлар басқармаларымен, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, тыйым салатын «Абайлаңыз, жұқа мұз!», «Балық аулауға тыйым салынады!» деген 22 белгі орнатқанын атап өтті. Сонымен қатар, өткен күзгі-қысқы кезеңде 120 рейд жүргізіліп, 1500-ге жуық жадына таратылды.

Мемлекет басшысының айтуынша, кәсіпкерлерді негізсіз тексерулерден қорғауға, қылмыстық процеске заңсыз тартуды болдырмауға бағытталған кешенді шаралар қазірден бастап қолға алынып жатыр.

– Биыл 6 мыңнан астам кәсіпкер жалпы құны шамамен 700 миллион теңге болатын заңсыз айыппұлдан босатылды. Заңсыз салынған 1200 тыйым салу және шектеу шараларының күші жойылды. Кәсіпкерлерге қатысты заңсыз іс-әрекеті үшін мыңнан аса лауазымды тұлға жауапқа тартылғанын атап өткен жөн. Әрбір алтыншы іс қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болмауына байланысты тоқтатылды. Биылдан бастап азаматтық тәртіп негізінде шағымдандудың барлық мүмкіндігі пайдаланбайынша, қылмыстық іс қозғауға тыйым салынды. Сонымен қатар, өткен жылдардың оң нәтижесіне сүйе-

не отырып, ұсақ және шағын бизнес субъектілерін тексеруге жарияланған мораторийді тағы бір жылға созу жөнінде шешім қабылдады. Тиісті Жарлыққа қол қойылды, – деді Мемлекет басшысы.

Жаңа Жарлыққа сәйкес, Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылауды барып жүргізуді тоқтатады. Айта кету керек, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізілетін жоспардан тыс тексерулер бұл санатқа қосылмайды. Жарлық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

жағдайлар бойынша департаменті қыс маусымында қауіпсіздіктің негізгі ережелерін еске сақтауға кеңес береді:

- Мұзға қараңғы кезде және нашар көрінетін кезде шықпаңыз;
- су айдындарының қоршалмаған және қорғалмаған жерлерінен өтуге немесе көлікпен жүруге тыйым салынады;
- балық аулау үшін немесе басқа мақсатта мұзды тесуге, оюға тыйым салынады;
- мұз үстіне жалғыз шықпаңыз;
- мұздың қаттылығын аяқпен тексермеңіз;
- абай болыңыздар, қар астында жылым, жарықтар немесе тесіктер болуы мүмкін;
- егер астыңызда мұз жарылып, жарықтар пайда болса, қорқып, қауіптен қашудың қажеті жоқ, мұздың үстіне баяу жатып, қауіпсіз жерге домалау керек;
- егер жылымға түссеңіз, үрейге бой алдырмаңыз, мұз үстіне қолдарыңызды кеңінен ашқан күйі жылжыңыз;
- құтқару кезінде жылдам әрі шешімді түрде, бірақ барынша байқап әрекет етіңіз. Құтқару заңын 3-4 метрлік арақашықтықтан беріңіз.



ЖОЛДАУ-2022



Президент Қ.К.Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында «Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз» деген болатын. Еліміз дамудың даңғыл жолына бет алды. Үлкен өзгерістер орнауда. Экономикалық, әлеуметтік һәм рухани бастамалар жүзеге асырылуда. Осыған орай физика ғылымының кандидаты, ҚХА мүшесі, «Филиа» Қазақстан грек қоғамдары қауымдастығының жетекшісі Георгий ИОРДАНИДИМЕН әңгімелескен едік.

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БОЛАДЫ

ЖАҚСЫЛЫҚТАН ЖАҢЫЛМАЙЫҚ

– Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды құруды ұсынды. Көзқарасыңыз қандай?

– Әділетті Қазақстанды іспен құрған жөн. Бұл бағытта оң дүниелер атқарылып келеді. Ең бастысы, сананы жаңғыртқан абзал. Дәп сонда ғана елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтындар шығады.

Қазақ елі біздің ортақ үйіміз. Мұнда ғұмыр кешіп жатқан әрбір ұлт пен ұлыс мұны ұғады деп білемін. Дүниенің қай жеріне барсақ та, елге оралуға асығып тұрамыз. Өйткені, қарашаңырақ осында. Мұны айтуымның өз жөні бар. Себебі, әділетті қоғамның орнап, бейбітшілік салтанат құрып, заң үстемдігі жүріп тұрса, нұр үстіне нұр болады. Сонда ғана әлгі айтылған мақсаттарды іс жүзінде іске асырамыз.

ӘЛ-АУҚАТЫМЫЗ АРТУДА

– Экономиканы дамыту үшін қайтпек керек?

– Әуелі саяси тұрақтылық қажет. Елдің іші де, сырты да тыныш болсын. Осы сөздің астары терең. Меніңше, көзіқарақты адам айтылған ойдың астарын бірден ұғады. Одан кейін шағын және орта кәсіпке қолдауды аямайық. Өзіміз де уақытында бизнеспен шұғылдандық. Макарон өнімдерін шығардық. 1991 жылдың басында егемендік алдық. Елде ахуал қиын-тұғын. Ақша жоқ, тауар аз болатын. Жақын адамдардың ұсынысы бойынша макарон өндіріп, саттық. Сол уақыттағы нарықтағы бағасы 50–60 теңге еді. Сөйтіп, Көкшетау, Ақтөбе, т.б. қалаларға жөнелттік. Сапасын да қадағаладық. Қанша дегенмен тамақ өнімі болған соң, жауапкершіліктің жоғары болу керектігін сезіндік. Бұдан айтпағым біреу. Мен қазір 71 жастамын. Өмірдің көбін сүрдім. Десе де, аттан түстім демейміз. Бар ойым шикізатқа тәуелділіктен арылып, өнім өндіретін кез келді. Ертеңгі күні қазба байлығымыз таусылса, жағдай не болары түсінікті. Ол жағын жақсы білесіздер. Ең бастысы, импортты азайтып, экспорттаушы мемлекетке айналуды шарт. Өзімнің екінші мамандығым – экономист. Сондықтан осыларды мысалға келтіріп айтудамын.

ҒЫЛЫМ ДАМУЫ, ӨНДІРІС ӨРКЕНДЕЙДІ

– Ғылымға дұрыс көңіл бөле алып жүрміз бе?

– 1993 жыл мен 2013 жыл аралығында ғылым кенжеледі. Тіпті, бастапқыда қаржы да жөнді бөлі-



не қойған жоқ. Оның өз себебі бар. Өйткені, ел тоқыраудан енді еңсесін көтерген кез еді. Ал Кеңес Одағы тұсында айрықша көңіл бөлінетін. Біз сол кездегі Ленинград, қазіргі атауы Санкт-Петербургте 1979–1985 жылдары жұмыс істедік. Басшылық қызметіне дейін көтерілдім. Физикалық ғылымдар саласы, лабораториялық жұмыстардың қалай іске асатынын білеміз. Ол кезде жалғызбасты ана, академик, т.б. санаттарға бөліп пәтер беретін. Бірақ сол үйлер мемлекет меншігінде болатын. Егемендік алғанда барлығы жекеменшікке өтті. Алайда, бәрі жақсы, керемет болды демейміз. Әйтеуір барша шаруаның қисыны бар-тұғын.

Ғылымды дамытпай, өркендеу, бос қиял. Ол үшін ғалымның жалақысын жақсартайық, үй берілсін, әлеуметтік мәселесі шешілсін. Сонда ғана ғылым адамы алаңсыз іс атқарады. Мені 1984 жылы Америка Құрама Штаттарының Техас штатына жұмысқа шақырды. Айына 7 мың доллар төлейтіндіктерін айтты. Әкем бала-шағаны тастап, шетел асуыма қарсы болды. Осылайша мұхит аспадық. Өз Отанымызда еңбек еттік. Айтпағым, ғылым адамының барша жағдайын жасап, одан мықты маман дайындау парыз. Осы кезге дейін шамамен, 15–20 жыл уақытта ғылым өз жайына қалды. Ғылыммен айналысатын ғалымдар азайды. Ал бұрынғы кадрлар қартайды. Көздіңіз бе?! Осы олқылықтың орнын толтыру үшін жас мамандарды даярлаған абзал.

ТАЛПЫНҒАН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

– Жастарға қандай ақыл-кеңес айтасыз?

– Жастарға ақыл-кеңесті таңнан кешке дейін айта берудің не қажеті бар. Қазір заман басқа, заң басқа. Кейде небір ақылды, алғыр, ұтқырларын кездестіріп қуанамын. Мен қарақөздерімізді сынайтындар санатынан емеспін. Жас-

тарды сынамаймын. Қайта оларды қолдаймын. Білгенімді үйретіп, дәрістерімде де жақсы-жақсы ойларымды айтып жүремін.

Жастық шағымызда бірнеше жерде жұмыс істедік. Екі еңбек кітапшамыз болды. Айлық аз еді. Тапқанымыз нан мен шайдан артылмайтын. Қосымша дәріс бердім. Жалпы, 7 жасымнан шаруаға араластым. Ауылымыз репрессияланғандардың елдімекені болды. Ата-анамыз жер аударылып келіпті. Соған қарамастан, өздері көрген азапты бала-шағасына көрсетпеуге тырысты. Ауылымызда мықты совхоз директоры болды. Картоп, баклажан, қияр сынды көкөністің түр-түрін өсірдік. Үнемі үздік болуға тырыстық. Адал жүріп, өз ісімізге нық болғымыз келді. Ешкімнің соңына шырақ алып түспедік. Ондай жақсы іс емес. Зардабын өзің тартасың. Сонымен не керек, өз еңбегіміздің арқасында ел қатарына қосылдық. Ассамблея құруға атсалыстық. Ғылымда да, кәсіпте де істедік. Қазір жасымыз ұлғайғанда соның жемісін көрудеміз.

Бір сөзбен айтқанда, жастарға жалындап жұмыс істеуге, кең құлаш қанат жайып өсуге мүмкіндік берген абзал. Нақ сол кезде олар экономиканы, әлеуметтік саланы, ауыл шаруашылығын, т.б. салаларды қарқынды дамытады. Тежей бергеннен ештеңе шықпайды. Ал бұғаттап, жастың жолын жауып, ісіне кедергі келтірсеңіз, ертеңгі күні АҚШ, Еуропаның білікті маманына айналады. Сол жақтың әлеуетін көтереді. Ондай нәрсе бізге керекті жоқ. Адам жаңашылдықты жас уақытында ашады. Осыны ұмытпайық.

Еліміздің іргесі бүтін, іші мен сырты тыныш болсын, ағайын. Айналайындар, ұлтаралық, еларалық татулық пен бірлікті сақтайық!

– Үлкен рахметімізді білдіреміз!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

КӨРМЕ

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ІНЖУ- МАРЖАНЫ»

Алматы мұражайларының
экспонаттары
Оңтүстік Кореядағы көрмеде көрсетілді



Сеулде Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай «Ұлы даланың інжу-маржаны» атты халықаралық көрме ашылды.

Көрме Жетісу өңірінің тарихын, қазақ халқының музыкалық мәдениетін және Алматы қаласының ерекшеліктерін бейнелейтін бірнеше негізгі тақырыптық бөлімдерден тұрады. Көрмеге келушілерге Алматы музейінің қорынан арнайы әкелінген 130-дан астам экспонат қойылды.

Іс-шара аясында Сеул қаласының тарихи музейі мен Алматы мұражайы арасында «Алматы қаласы музейлерінің бірлестігі» КМҚК ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылып, 2023 жылы кезекті көрмені өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ ТЕКСЕРІДІ



Қалалық жұмыс комиссиясы «Алматы жылу желілері» ЖШС-нің техникалық жай-күйін тексеру жүргізді.



Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының өкілдері жұмыс комиссиясының құрамында «Алматы жылу желілері» ЖШС-нің техникалық жай-күйіне тексеру жүргізді. Жұмыс комиссиясының құрамына Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау және коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы, сондай-ақ Атом энергетикалық қадағалау комитетінің аумақтық департаменті кірді.

«Алматы жылу желілері» ЖШС – алматылықтардың үйлеріне жылу мен ыстық судың үздіксіз

берілуін қамтамасыз ететін Алматы қаласының жылу-энергетикалық кешенінің негізгі объектілерінің бірі. Тексеру барысында авариялық тауарлық-материалдық қорлар, қаланың сорғы станцияларының жұмысқа қабілеттілігі, авариялық бригадалардың жарактандырылуы қайта тексерілді.

Сондай-ақ, жұмыс комиссиясы «Алматы жылу желілері» ЖШС бригадасы жүргізетін жөндеу жұмыстарының барысын «Сайран» шағынауданы, 2-үй мекенжай бойынша тексерді. Жұмыс сапары барысында диаметрі 76 мм құбырдағы зақым анықталды, бұл соңғы 5 жылда осы учаскеде анықталған бірінші жағдай. Тарту жылу желісін жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 4 бірлік мамандандырылған техника мен жеке құрамның 6 адамы тартылды. Жұмыс 2,5 сағат ішінде толық аяқталып, жылу энергиясы мен ыстық су толық көлемде қалпына келтірілді.



● ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

ТҮРҒЫҢДАР ТАЛАБЫ ШЕШІМІН ТАПТЫ

● АЛАТАУ АУДАНЫ

«Алматының символы»



Алатау ауданы тұрғындарының талап-тілегі ескерілді. Аудандағы құлау алдында тұрған ағаштар анықталып, шіріген ағаштар кесілді.

Кесілген ағаштардың орнына ауданда 2,3 мың қылқан жапырақты ағаш отырғызу бойынша эко-акция өтті. Қоғам қайраткерлері Алматы әкімдігімен бірлесіп аршалар отырғызып, қаланың жаңа жасыл желігінің жайқалуына көмек көрсетті. Отырғызылған ағаштардың төбесінен «АЛА» деген жазуды көруге болады. Бұл жазу қонуға келе жатқан ұшақтың жолаушыларына көрінеді.

Жоба авторы Дәуіт Шайхисламовтың

айтуынша, бұл – Алматыдағы ерекше эко-акция.

– Алматыда, елімізде бұрын-соңды мұндай жазулы ағаштар отырғызылмаған. Бұл ұшақпен елімізге келген туристер үшін де Алматының ерекше белгісі ретінде қалыптаспақ. Айта кету керек, бұл бақ Гиннестің рекордтар кітабына ағаштардан жазылған ең үлкен сөз ретінде кіре алады, – дейді жоба авторы.

Ағаш отырғызуға демеушілер қолұшын созған. Бақтың күтіміне Алатау ауданының әкімдігі мен Алматы қаласы Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының мамандары жауапты.

● НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Қоқыстан тазаланды



Редакциямызға Наурызбай ауданының тұрғыны Жәмила Дастанбекқызынан қар түскелі Райымбек даңғылының бойындағы Қарғалы өзенінің суы қатып, үсті қоқысқа толғаны туралы шағым түскен еді. Ол мәселені әкімдікке бірнеше рет жеткізгенін, бірақ олардың құр уәдемен шығарып салатынын айтты.

– Өзеннің жан-жағы қоқысқа толып кеткен. Күн суық кезде қатты білінбесе де, қар ерісе иісі шығып, тұрғындарға жайсыздық тудырады. Сондықтан осындай жағдайға жеткізбей тұрып, мәселені шешсе екен деген тілегіміз бар, – дейді аудан тұрғыны.

Тұрғынның хаты редакциямызға келіп түскен 2 күннен соң, әкімдік мәселені қолға алып, қазіргі таңда Қарғалы өзенінің арнасы түгелімен тазартылып жатыр. Тазарту жұмысы осы аптаның аяғына дейін жалғаспақ.

● МЕДЕУ АУДАНЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Медеу ауданы тұрғындарымен кездесуінде тротуар мәселесі көтерілген болатын.

– №98 мектептен бастап Тәтібеков көшесіне дейігі аралықта жаяу жүргіншілерге арналған жол керек. Себебі, балаларымыз мектепке қатынайтындықтан, олар үшін қатты алаңдаймыз. Көшемізде көліктер көп жүреді. Балалар көлік жүретін асфальттың үстімен мектептеріне барады. Сондықтан айтылған аралыққа тротуар салып берулеріңізді сұраймыз, – деген еді №98 мектеп оқушыларының ата-аналары.

Араға 1 айға жуық уақыт салып аудан әкімдігі тұрғындардың өтінішін қанағаттандырды. Медеу ауданы әкімдігінің аппараты Қалалық мобильдік басқармасымен бірлесіп, Тәтібеков көшесі, 89 мекенжайы бойынша ұзындығы 150 метр тротуар желісін төсеу бойынша жұмыстар жүргізді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары аяқталып, тротуар тұрғындар қолданысына ұсынылған.

Тротуар төселді



● АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Жарықтандыру жұмыстары басталды

Алмалы ауданының бір топ тұрғындары атынан редакциямызға «Көшеміз тас қараңғы» деген тақырыппен хат келіп түсті. Гагарин көшесі, 35 үй тұрғындары «ауламызда жарықтың жоқ болғанына 1 айдан аса уақыт өтті» деп шағымданды.

– Шыны керек, аулада жарықтың жоқтығы кешке жүріп-тұруымызды қиындастырып жіберді. Түстен кейін оқитын балаларымыз үшін алаңдаймыз. Өзіміз де кеш түсе жұмыстан қайтқанда, жолды телефонның жарығымен тауып келеміз. Осы мәселе тезі-

рек шешілсе екен дейміз, – дейді аудан тұрғыны Самал Айтказинова.

Аудан әкімдігі Гагарин, 35 мекенжайын жарықтандыру бойынша сметалық жоспар әзірленіп қойғанын айтты. Қазіргі таңда аталған мекенжайды жарықтандыруға Abmgroupp компаниясының жауапты екенін анықтадық. Компания басшылығы жақын арада жұмыстың жүргізілетінін жеткізді. Күні кеше аталған мекенжай бойынша көшені жарықтандыру жұмысын бастап кетіпті. Бір-екі күнде құрылыс жұмыстары аяқталады.

Дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.

● ТУРИЗМ

ТУРИСТЕР САЛЫҚ ТӨЛЕЙДІ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының туристік қоғамдастығы енгізілгелі отырған «Bed tax» ставкасы туристер ағынын азайтуы мүмкін. Сондықтан бұл бағыт бойынша шешім қабылдау әлі ерте деп есептейді.

«Атамекен» талдау қызметінің деректері бойынша, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап өңірлер «Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №787 қаулысына сәйкес тұру құнының 5% мөлшерінде «bed tax» ставкасын бекітуді жоспарлап отыр.

Максималды мөлшерлемені қабылдау туралы шешім шетелдік туристер ағынының өсуіне негізделген. Бұл ретте статистикалық деректер бойынша 2022 жылдың I жартысында туристердің қонақүйлерге орналасу саны пандемияға дейінгі 2019 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда, 36,7%-ға төмен. Бұл кіру туризмі әлі қалпына келмегенін көрсетеді.

Өкінішке қарай, осы қаулының жобасын нарық қатысушылары егжей-тегжей талқылаған жоқ. Кәсіпкерлер жоғарыда аталған қаулының енгізілуі ерте деп санайды. Алматы қаласы кәсіпкерлерінің пікірінше, 5 пайыздық мөлшерлеменен «bed tax» енгізу туристер ағынын азайтады.

«Өздеріңіз білетіндей, туризм саласы, оның ішінде турис-

терді орналастыру қызмет нарығы COVID-19-дан ең көп зардап шекті – шекаралардың жабылуы, әуе қатынасының тоқтатылуы, турлар мен брондаудың жаппай жойылуы, бос тұрған кезде ғимараттар мен персоналды күтіп-ұстау қаражаты есебінен жәбу салаларға айтарлықтай қаржылық залал келтірді», – деді Қазақстандық қонақүйлер мен мейрамханалар қауымдастығының президенті Рашида Шайкенова.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2022 жылғы қантар-маусымда Қазақстан Республикасы бойынша жүктеу көрсеткіштері бұрынғыдай төмен деңгейде 28,2%, Астана қаласында – 31,5%, қызмет көрсетілген келушілер саны – 2971 696 адам, соның ішінде 291 984 адам резидент емес, бұл туристердің жалпы санынан резидент еместер 9,82%-ды құрайды.

«Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №787 қаулысымен Астана қаласының мәслихаты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 маусымды қоса алғанда, Астана қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін қонақүйде орналасу құнының 5 пайызы мөлшерінде бекітті.

«Қонақүйлер маркетинг құралы ретінде тұру құнымен жұмыс істейді, төмен маусымда бағаны төмендетіп, жоғары маусымда көтереді. Сондықтан бұл ставканы тұруға арналған қызмет құнына және статистикалық деректерге байланыстыру – салық сомасына үнемі әсер етіп, түсінбеушілік тудырады. Оның үстіне бұл жұмысшылар санын көбейту қажеттілігіне әкеледі», – дейді Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, туристік салықты қалалық салық деп те атайды және оның өмір сүру құнына еш қатысы жоқ. Кәсіпкерлер елімізде туристік алымның мөлшерлемесі бекітіліп, оны есептеу қонақүй компаниясына ауыртпалық түсірмеу керек деп есептейді.

«Bed tax» арқылы жиналған қаражат туризм инфрақұрылымын дамытуға және өңірлердегі бағыттарды ілгерілетуге жұмсалды деп болжанған болатын. Алайда, бұл ереже қаулының соңғы редакциясынан, сондай-ақ 2023 жылға нөлдік мөлшерлеме енгізу туралы ұсыныстан кейін алынып тасталды.

Алматы туристік нарығы туристік салықтың мақсаты ашық болуы керегін алға тартып, мынадай механизмдерді әзірлеу қажет деп санайды:

- туристік салықты алудың қарапайым, түсінікті тәсілі;
- туристік салықтың қаражаты қандай мақсаттарға бағытталуын бақылау;

– туристік алымның қаржылық ресурстарын тек туризмді дамытуға бағыттау қажеттігін және туристік нарыққа қатысушылардың Қазақстанды туристік бағыт ретінде жарнамалауға және насихаттауға жұмсайтын шығындарын жабуды қамтамасыз ету.

«Келу туризмінің қалпына келмеген ағынын, сондай-ақ туристік алымды енгізу мақсаттарына қол жеткізу үшін нормативтік негіздің жоқтығын ескере отырып, 2023 жылға нөлдік ставканы бекіту және келесі жылы шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын қайта қарауды сұраймыз», – деп атап өтті Рашида Шайкенова.

Еске салсақ, Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы жанынан Туризм саласындағы комитет жұмыс істейді. Оның мақсаты – қаладағы туризм саласының дамуына ықпал ету. Бұдан басқа алаңда салалық даму бағдарламалары, инвестициялық жобалар, әдіснама, өңіраралық және салааралық ынтымақтастық мәселелері, саланың түйткілді мәселелерінің тізілімі талқыланады.



БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ

ОРТАҚ ИГІЛІККЕ ҚЫЗМЕТ

Биыл Алматыда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 236 жоба іске асырылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасының аясында «Халық қатысатын бюджет» жобасы еліміздің барлық аймағында жүзеге асып келеді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар тұрғындарының ұсынысымен қаланы көріктендіруге арналған аталмыш жоба бүгінде алматылықтар мен қала билігі арасындағы байланысты күшейтетін алтын көпірге айналғандай. Биыл да алматылықтар өздері тұратын қаланың қаржысының тиімді жұмсалыуына, тіпті бөлінген қаржыға қалалықтар игілігіне қызмет ететін тәуір жобаларды жүзеге асыруға үлес қосып, белсенділік танытты. Жоба біріншіден, қала тұрғындарының өз бастамаларын ілгерілету құралы, сондай-ақ, өзгерістерді бақылау тәсілі болса, екіншіден, әкімдіктеріге қала аудандарындағы мәселелерді шешуге зор мүмкіндік болды. Әлбетте, бұл бюджет ресурстарын одан әрі айқындауға және тиімдірек пайдалануға сеп. Мәселен, биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында іске асырылған жобалардың басым бөлігі аулаларды, скверлерді, балалар және спорт алаңдарын абаттандыруға бағытталды.

«Халық қатысатын бюджетке» үлес қосу үлкен жауапкершілік екенін жақсы білетін алматылықтардың келесі жылға да өз бастамаларын іске асыру бойынша жоспарлары аз емес. Алматы әкімдігінің мәліметінше, биыл бағдарлама шеңберінде жобаларды іске асыруға жергілікті бюджеттен жеті миллиард теңгеден астам қаражат бөлінген. Олар келесі жылы бұл соманы ұлғайтуды жоспарлап отыр. Қалада үш жыл ішінде 14,1 млрд теңгеге 500-ден астам жоба іске асырылған. Демек, жыл сайын қарқын алып келе жатқан аталмыш жобаның қала тұрғындары үшін пайдасы шаш-етектен. Мәселен, 2019 жылы тұрғындардан барлығы 333 жобалық ұсыныс түссе, 2020 жылы бұл сан екі есеге артып, 796-ға көбейген. 2021 жылы – 934 жоба қабылданған.

Ал 2022 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына алматылықтардан 1249 ұсыныс келіп



түскен. Сарапшылардың сүзгісінен өткен 198 жоба келесі жылы жүзеге асып, оған 7,8 млрд теңге қаражат бөлу жоспарда бар. Егер аудандар бойынша нақтырақ тоқталар болсақ, Алатау ауданында 1,3 млрд теңгеге 28 жоба, Алмалы ауданында – 771 млн теңгеге 17 жоба, Әуезов ауданында – 806,6 млн теңгеге 16 жоба, Бостандық ауданында – 799,2 млн теңгеге 17 жоба, Жетісу ауданында – 851,3 млн теңгеге 19 жоба, Медеу ауданында – 791,5 млн теңгеге 30 жоба іске асырылды. Шеткі аудан болып есептелетін Наурызбай ауданында – 1,8 млрд теңгеге 47 жоба қолға алынса, Түркісіб ауданында – 609,1 млн теңгеге 24 жоба жүзеге асырылды.

Алматы қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Алтынай Төлеутаеваның айтуынша, қаланың шеткі аудандарындағы тұрғындарына қолайлы жағдай жасау үшін бағытталған жобаларды іске асыруға қосымша қаражат бөлінген. Атап айтқанда, Алатау, Жетісу, Наурызбай аудандары 28 жобаны іске асыру үшін 1,3 млрд теңге қаражат алды. Бұдан басқа, Алмалы ауданында Мемлекеттік сатып алудан үнемдеу есебінен қосымша бес жоба қолға алынған.

Тұрғындар белсенді болса...

Аталмыш бағдарламаға үлес қосып, өзі тұратын аумақты абаттандыруда қала тұрғындарының белсенділігі жоғары. Мәселен, бұдан екі жыл бұрын «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Алпамыс көшесінің бойында бос жер болған. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша бұл жерді абаттандыру жобасы тәуір болды. Жобаның мақсаты – бос жерді жасыл аумаққа айналдыру, балалар және спорт алаңдарын құру. Жоба іске асырылғаннан бері бұл жерді пайдаланушылар саны артты. Жобаның нәтижесінде бос жерді жасыл аумаққа айналдыру, балалар және спорт алаңдарын құру жобасы тәуір болды.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша аудан тұрғыны Гаухар Исмаилова өтініш берген болатын. Белсенді азаматтың арқасында бұл жер бүгінде адам танымастай өзгерген. Қазір онда балаларға арналған заманауи ойын алаңдары мен спорт алаңдары бой көтерген. Бағдарлама аясында аумақ толығымен абаттандырылып, айналасына ағаштар отырғызылды, түрлі ойын элементтері, орындықтар орнатылды, төсеніштер мен жарықшамдар жүргізілді.

– Шеткі аудан болған соң, мұнда қаланың орталығындағыдай мүмкіндіктер жоқ болды. Балаларымыздың не ойнайтын, не баратын жері жоқ. Содан осы бір бос жерді ойын алаңына айналдыруды армандап жүрдім. Аудан әкімінің тұрғындармен кездесуінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы туралы естідім. Үйге келе салып, көршілеріммен талқылап, өтініш беруді шештім. Осылайша бізде ойын алаңы пайда болды. Қазір балаларымыз тек сол жерде ойнайды, ал біз ата-аналар олар үшін көп алаңдамайтын болдық, – дейді ол.

Бағдарламаның сәтті жүзеге асуына Әуезов ауданынан да мысал келтіруге болады. Төле би көшесіндегі тұрғын үйлердің арасында бірнеше жыл бұрын қараусыз жатқан учаске болған. Ешкімнің иелігінде болмаған соң ол жерді қураған, тікнегі көп шөп басып кеткенді. Аудан тұрғыны Жәнібек Саурыковтың идеясымен бұл жерде бүгінде жасөспірімдерге арналған скейт-парк салынды. Қазір мұнда асфальт төселген, қоқыс жәшіктері орнатылып, көше жарығы жүргізілген. Көгалдар төселген аймақ жазда айналасы жап-жасыл желекке оранады.

Халық игілігі үшін бой көтерген паркте жасөспірімдер әртүрлі трюктерді орындаумен уақыттарын тиімді өткізеді. Қауіпсіздік үшін аймақ қоршалған. Алаңда орындықтар, воркаут аймағының басқа элементтері орналастырылған.

Байқағанымыз, алматылықтар «Халық қатысатын бюджет» аясында жүзеге асырылуы мүмкін жобалардың санына емес, нақты ауланың, көшенің, ауданның қандай қажеттіліктерін жабуға, қаланы неғұрлым жайлы әрі ыңғайлы етуге база назар аударады екен. Демек, тұрғындар белсенді болса, Алматының ажары бұрынғыдан да ашыла түседі.



КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ



ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН БАСПАНА

мәселесін шешуге шамамен
30 млрд теңге бөлінеді

Алматыда күрделі жөндеуді қажет ететін 1500-ге жуық апатты үй бар. Оған жергілікті бюджеттен 30 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінеді. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров мәслихаттың кезекті сессиясында айтқан болатын.

«Мегаполисте тозығы жеткен 1500-ден астам пәтерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар. Бұл мақсаттарға жергілікті бюджеттен 30 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінбек. Бұл шара апатты жағдайдағы, сондай-ақ «қызыл сызықтың» бойында орналасқан үйлердің тұрғындарын жергілікті бюджет есебінен көшіруге мүмкіндік береді», – деді қала әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ, тұрғын үй тапшылығын азайту аясында әлеуметтік көпқабатты тұрғын үй кешендерін салуға шамамен 30 млрд теңге бөлу қарастырылған.

Одан бөлек, «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасын қаржыландыру жалғасын тапты. Бұл мақсаттарға қосымша 670 млн теңге бөлу жоспарлануда.

«Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша кезекте тұрған 200 адамға жеңілдетілген несие беру үшін 3 млрд теңге көлемінде қаражат бөлу көзделген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



БЛОК-БЕКЕТТЕР ОРНАТЫЛДЫ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы тауларында қар көшкінінің жүру қаупі туралы хабарламада Шымбұлақ – Эдельвейс тас жолының Медеу бөгетінің үстіндегі учаскесінде блок-бекеттер орнатылғаны туралы айтылады.

«Жауын-шашынға, қар жамылғысының тұрақсыз жағдайына және қардың биіктігіне (кей жерлерде 100-120 см) байланысты тау беткейлерінде көшкін қаупі сақталады. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Қазселденқорғау» АГЭТУ күштерімен «Медеу» бөгетінен жоғары «Шымбұлақ – Эдельвейс» автожолының учаскесінде блок-посттар қойылды», – делінген хабарламада.


Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті қар көшкіні қаупі төмендегенге дейін қар басқан беткейлерге шығудан бас тартуды сұрайды. Сондай-ақ, 24 қарашадан бастап Алматы тауларында қар көшкінінің өздігінен түсуінің 14 жағдайы тіркелгені хабарланды. Құрбандар мен зардап шеккендер жоқ. Қар көшкіні жағдайында тұрақты мониторинг жүргізіледі. Бассейннің таулы бөлігіндегі қар көшкіні қайталануы мен жойқын әсері бойынша ең қауіпті табиғи құбылыстардың бірі екені белгілі. Көшкіндер орасан зор жойқын күшке ие, ал олардың қозғалысының ең жоғары жылдамдығы сағатына 80 шақырымға жетуі мүмкін. Алматы өңірінде 165 көшкін жиналады, оның 18-і қауіп төндіреді және «Медеу», «Шымбұлақ» және Үлкен Алматы көлі ауданында орналасқан.



СӘТТИ ОТА

КӨКБАУЫРДЫ
САҚТАП ҚАЛДЫ

Алматыда 57 жастағы әйелдің көкбауырына жаңа әдіспен сәтті ота жасалды. Бұл туралы бізге Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі мәлімдеді.



Алматы қалалық Онкологиялық орталығына ұйқы безі құйрығының ісігі бар науқас түскен. Дәрігерлер оған көкбауырды сақтайтын дистальды ұйқы безінің резекциясы (Кимур отасы), яғни бірегей шағын инвазивті отасын жасады.

«Отаның ерекшелігі сол, тіліксіз, кесусіз – лапароскопиялық әдіспен жасалады. Ең бастысы, мұндай ота кезінде дәрігерлер көкбауырды сақтап қалады. Бұл пациенттің денсаулығы үшін маңызды. Өйткені, көкбауыр бактерия мен вирус-тармен күресу үшін қанды сүзуге

және антиденелерді өндіруге қатысатын орган», – дейді мамандар.

Онкохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Нұрлан Балтаевтың айтуынша, көкбауырды сақтап қалу үшін барлық тармақты тауып, бітеу керек болған. Себебі, тармақтар көкбауырдан ұйқы безінің құйрығына дейін созылады.

«Бұған дейін мұндай диагноз кезінде көкбауырды ісікпен бірге алып тастайтынбыз. Қазір жаңа әдістер мен заманауи аппарат-

тардың нәтижесінде көкбауырды сақтай отырып, осындай оталарды жасай бастадық. Аталмыш ота бір сағатқа созылды. Ота кезінде көкбауырды аман сақтап қалу үшін ұйқы безінің құйрығына тікелей баратын барлық тармақты тауып, оларды бітедік. Барлығы жақсы өтті. Науқастың көкбауырын сақтап, ісікті алып тастадық, ол гистологиялық зерттеуге жіберілді. Науқас отадан кейінгі келесі күні бөлімшеге ауыстырылды», – дейді Нұрлан Балтаев.

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА

ОНКОЛОГИЯНЫ
ЕМДЕУДІҢ БІРЕГЕЙ ӘДІСІ

Елімізде алғаш рет онкологияны емдеудің бірегей әдісі қолданылды. Дәлірек айтсақ, обыр кеселіне шалдыққан балалардың сүйек кемігін трансплантациялау үшін дененің толық сәулеленуінің заманауи техникасы қолданыла бастады.



Елордада УМІТ халықаралық онкологиялық томотерапия орталығы мен ҚР Ұлттық ана мен бала орталығының онкологтары шет ел мамандарымен бірлесіп, онкологияны емдеудегі тың әдістемені – «Total Body Irradiation» (ТБИ) қолдану бойынша оқыту шеберлік сабағын өткізген болатын. Сүйек кемігін трансплантациялауды қажет ететін науқас қызды мысалға ала отырып, УМІТ Халықаралық онкологиялық орталық мамандары ресейлік онкологтары мен Ана мен бала ұлттық орталығының дәрігерлерімен бірлесіп, денені жалпы сәулелендірудің бірегей әдісін қолданды.

«12 жасар Каусарға қатерлі ісік ауруын емдеу үшін сүйек кемігін ауыстыру керек. Ол бұған дейін Туркияда ем қабылдаған. Бірақ донор табылмай, елге қайтқан. Енді Елордадағы орталықта науқастың бүкіл денесін толық сәулелендіру арқылы емдеу жүргізілді. Бұл онкологиялық науқасты сүйек кемігін трансплантациялауға

дайындаудағы қажетті қадам. Бұрын бұл процедура Қазақстанда ешқашан қолданылмаған», – делінген орталықтың баспасөз хабарламасында.

«Бұл Қазақстанның бүкіл денсаулық сақтау саласының жетістігі екені сөзсіз. Өйткені, бүгінгі күнге дейін бірде-бір онкологиялық диспансерде лейкоздың миелоидты лейкоз, лимфобластический лейкоз сияқты түрлерімен ауыратын науқастарға сүйек кемігін трансплантациялау арқылы емдеу кезінде денені толық сәулелендіру жүргізілмеген», – дейді УМІТ Халықаралық онкологиялық томотерапия орталығының директоры Ержан Шаяхметов.

Ресми дерек көздеріне сүйенсек, елімізде қан түзу және лимфа жүйесінің онкологиялық ауруларымен ауыратын 9 мыңнан астам науқас бар. Ал жылына 1500-ге дейін жаңа науқастар тіркеледі. Оның ішінде біразы лейкозбен ауыратын балдырғандар.

БЕЙНЕКЕҢЕС

Академик Н.Ж.Батпеннов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының мамандары Қазақстанда ірі буындарды бастапқы эндопротездеу мәселелері және тірек-қимыл аппаратының басқа да аурулары бойынша пациенттерге бейнеконсультация жүргізе бастады.

ДӘРІГЕР МЕН ПАЦИЕНТ
арасындағы тың байланыс

Эндопротездеу – тірек-қимыл аппараты ауруларын операциялық емдеудің ең заманауи әдістерінің бірі, оның барысында буынды құрайтын патологиялық өзгерген құрылымдар сау буынның анатомиялық пішініне ие және қозғалыстың барлық көлемін орындауға мүмкіндік беретін жасанды протездерге (импланттарға) ауыстырылады.

Буындарды ауыстыру – МӘМС жүйесінің қаражаты есебінен қазақстандық азаматтар үшін қолжетімді, қымбат тұратын операциялардың бірі. Ірі буындарды ауыстыру бойынша кезекке тұру – бастапқы медициналық ұйым арқылы еліміздің кез келген жерінен Қазақстан азаматтары үшін қолжетімді болды.

«Карантин біздің өмірімізді басқа арнаға бұрды, мәселен, қашықтан жұмыс істей бастадық және онлайн-режимде медициналық кеңес бере бастадық. Енді біздің көптеген пациенттеріміз мамандардан консультацияны, қорытындыны бірден электронды түрде алады, өтініш беру себебін көрсете отырып, порталда тірке-

леді және емдеуге жатқызу күнін күтеді», – дейді эндопротездеу мәселелері жөніндегі бөлімшенің меңгерушісі Тимур Байдалинов.


Академик Н.Ж.Батпеннов атындағы травматология және ортопедия ғылыми орталығына ТМД-ның басқа елдерінен бірден бірнеше буыны, тізе және ұршық буындары бұзылған, бірнеше жылдар бойы төсек тартып жатқан, әртүрлі ауыр патологиялары бар адамдар әкелінеді. Орталық дәрігерлері кезең-кезеңімен үш-төрт операция жасайды, содан кейін адам аяққа тұрып, жүре бастайды.

Эндопротездеуден басқа, дәрігерлер омыртқа бағанының деформациясы, спорттық жарақаты, артроскопия, қол ұшы жарақаты, кеуде қуысының деформациясы, аяқ пен аяқбасының деформациясы, сынықтар және олардың салдары, дұрыс бітпеген сынықтар және тірек-қимыл аппаратының басқа аурулары бар пациенттерге кеңес береді. Бұл ауруының кесірінен алысқа ұзап шыға алмайтын жандар үшін тиімді әдіс болғаны анық.

БАСҚА БАСЫЛЫМНАН

Құрт та иісшіл келеді

Кәдімгі құрттар адамның ұйқы безінің қатерлі ісігін ертерек анықтауға көмектеседі, деп хабарлайды Reuters агенттігі.



Жапондық Hirotsu Bio Science технологиялық компаниясы бүгінгі күні осындай технологияға қол жеткізіп отырған көрінеді. Ғалымдардың пайымдауынша, құрттардың иіс сезу қабілеті иісшіл деген иттерден әлдеқайда күштірек. Олар рак клеткаларының иісін сезсе, дереу қаша жөнеледі екен. Сондықтан бұл зерттеу дәрігерлерге үлкен көмек болғалы тұрған секілді.

Аталған компания енді бауыр, жатыр мойны және сүт безі қатерлі ісіктерін анықтау жолдарын іздеп.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Шприц



Медицина мамандарын дәл осы «қарусыз» елестету мүмкін емес. Дәрі егетін ине 1853 жылы пайда болған екен.

Қызығы сол, оны бір-бірін танымайтын екі дәрігер, яғни шотландиялық Александр Вуд пен француз ғалымы Шарль Габриель Плеваз бір уақытта ойлап тапқан деседі. Медициналық ине шприц деген атауды берген немістер екен. Мағынасы «бұрқу, шашу» дегенді білдіреді.

Ал мөлдір шыныдан жасалған бірреттік шприцтерді Артур Смит деген ойлап тауып, бұл өнертабысын 1950 жылы АҚШ-та патенттеп алған. Бүгінгі жиі қолданылып жүрген пластикалық бірреттік шприцті 1956 жылы жаңазеландиялық фармацевт Колин Мурдок ойлап тауыпты.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



МӘСЕЛЕ

«БӨТЕН БАЛА» БОЛМАЙДЫ

немесе алименттің «жыры» әлі де бітер емес



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алимент деген мәселе де әлі күнге «жыр» болып келеді. Өмір болған соң, отбасында түрлі жағдайлар орын алып жатады. Ерлі-зайыптың арасындағы келіспеушіліктің, ұзаққа созылған ырың-жырыңның соңы кейде ажырасуға келіп тірелетін оқиғалар да аз емес. Ері мен әйелі екі бағытқа кеткен соң, ортадағы көзге кінген балаларды асырап, бағу бір адамға оңай тимесі тағы анық.

Сондықтан алимент талап етіледі. Ал алимент Неке және отбасы кодексінде ресми бекітілген, яғни ол – бір адамның алимент алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық көмегі. Бірақ өкінішке орай, алимент төлемей, онысы жылдар бойы қордаланып, борышкер болып, тіпті басын алып қашып жүрген әкелер де аз емес арамьзда.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңда сот орындаушысының және сот актісінің талаптарын орындамайтын борышкерлердің әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны айтылған. Мәселен, биыл Алматы қаласының Әділет департаменті өкілдерінің араласуымен алимент төлемей жүрген 141 әке әкімшілік жауапкершілікке тартылған. 81 адам 5 тәулікке қамға алынса, 4 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Ал сот орындаушыларының 4 ұсынысы анықтау органдарының қарауында. Бұл туралы брифингте Алматы қаласы Әділет департаментінің басшысы Абай Арап айтқан болатын.

«Атқарушылық іс жүргізу» нәтижесінде С. деген борышкердің 2,5 млн теңгеден астам сомада, ал Ш. есімді борышкердің 2 млн теңгеден асатын көлемде берешегі нақтыланған. Олардың өндіріп алуға болатын мүлкі мен жұмысы болмауына байланысты Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналастыру бойынша іс-шаралар қабылданған.

Иә, бүгінде алимент төлеуден қашып жүргендер де, ал төлейін десе, «екі қолға бір күрек» таппай жүрген жұмыссыз әкелер де жоқ емес дейді мамандар. Ендеше

қайтпек керек? Үкімет оның да жолын көрсетіп беріп отыр. Яғни бала-шағасына алимент төлейтін ақшасы болуы үшін жұмыссыз борышкерлерді жұмысқа орналастыру мәселесі де басты назарда. Бұл тұрғыда Әділет департаментінің мамандары қалалық Жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп, өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойған.

– Биыл алимент бойынша борышкерлер үшін төрт бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткіздік. Оған 320-ға жуық жұмыс орнын ұсынған 15-тен астам ірі компания (мысалы, Forte Bank, Sulpak, Helios, «Рамс Қазақстан» және т.б.) шақырылды. Жұмыс әртүрлі бағыттар бойынша ұсынылды, соның ішінде бухгалтер, экономист, күзетші, жүргізуші, құрылысшы және жалақысы 150 мың теңгеден асатын басқа да кәсіптер бар. Жалпы, қала тұрғындарын жұмысқа ор-

наластыру үшін шамамен 2,2 млрд теңге бөлінді, – дейді Абай Арап.

Осы «жұмыссыздар жәрмеңкесінің» нәтижесінде биыл Алматыда 83 борышкер әке жұмысқа орналастырылған. Бірақ сан сылтау айтып, қолына ұстатып тұрған «қармақпен балық аулағысы келмейтіндер» де жоқ емес көрінеді. Сондай-ақ, мамандар алимент төлемейтіндердің басын бөлігі табысын жасыратынын айтып отыр. Тіпті, еңбекақысын төмендетіп көрсететін де, тұрғылықты жерін көрсетпейтін жағдайлар да аз емес екен.

Бұл тақырып тұрғысында қара аспанды төндіре беру де жарамас, биыл алимент өндіріп алу бойынша атқарылып жатқан барлық іс-шара нәтижесінде 50 млн теңгеден астам берешек төленіпті.

Сондай-ақ, биыл сот орындаушылары борышкердің бала үшін берешегі өтелуі үшін 3 жылжымайтын мүлік, 7 жылжымалы мүлікті сатып, нәтижесінде 20 млн теңгеден астам берешек төленген.

Қуанышқа қарай, алимент өндіремін деп бала үшін шырылдап жүрген уақыттарда қайта табысқан ерлі-зайыптылар да бар екен. Мәселен, биыл 50-ден астам отбасы қайта қосылып, алимент төлеу туралы арыз-талабын қайтып алған. Осы орайда айта кетсек, алимент өндірісін нақты орындау және борышкерлер мен өндіріп алушылар арасында ымыраға келу үшін сот орындаушылары көбінесе медиаторлардың көмегіне жүгінеді. Нәтижесінде биыл 116 бітімгершілік келісім жасалған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«НЕ ҮМІТ, НЕ ҚАЙЫР?»

СӘУЛЕ,
үш баланың анасы:

Балаларымның әкесінен ажырасқанымға төрт жылдан асты. Әлі алимент төлеген емес. Сұрай, сұрай шаршадым. Өз баласынан ақша аяған адамнан не үміт, не қайыр деймін кей-кейде күйініп кетіп. Сылтауы – жұмысым жоқ дейді. Бірақ базарда сауда жасайтынын, жеміс-жидек, көкөністер сататынын бәрі біледі. Пәтері бар бір балалы келіншектің қолына кіріп алған. Бұрынғы ортақ таныстардан естимін зой бәрін, «бұрынғы әйелің жақсы еді» дейтін көрінеді олар. Бірақ қайта қосылғым жоқ. Ішкілікке жақын болды. Жұмыстан жәсі шығып қала беретін. Балаларым біреудің қолындағы тәттіге көзін сатып тұрғанда, жүрегім ауырып кететін, тез-тез үйге кіргізіп алатынымын. Жуан жұдырығынан көз ашпадым. Көзі-басым үнемі көгеріп жүретіндіктен, намыстанып, кітапханадағы жұмысымнан да кетіп қалдым. Балаларының көзінше балағаттайтын. Аязды кеште шашымнан сүйреп далаға алып шыққан күні ішімдегі бір нәрсе үзіліп түскендей болды, төзімнің соңғы тіні зой деймін. Жүйкем де сыр бере бастады. Мен жатып қалсам, мына үш балаға кім қарайды деп, алды-артыма қарамай «қаштым» үйден. Әрине, ол үшін, достары үшін «бұрынғы әйелімін», бірақ «бөтен бала» деген ұғым жоқ қой мүлдем. Соны түсінсе нетті?!

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңына келген ҚР ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының басшысы, полиция полковнигі Айдар Сайтбеков Ішкі істер органдарында мамандардың қалай дайындалатынын айта отырып, мектеп түлектерін осы оқу орнына түсуге шақырды.

«Әрбір түлекке жұмысқа тұруға кепілдік беріледі»

ҚР Ішкі істер министрлігіне қарасты М.Есболатов атындағы Алматы академиясы – ғылым, білім және құқық қорғау саласындағы озық тәжірибені тиімді біріктірген жаңа лептегі оқу орны. 65 жылдық тарихы бар академияда оқу үш тілде өтеді. Бұл Қазақстанның құқық қорғау органдарына сұранысқа ие, халықаралық стандарттарға сай мамандарды дайындауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.



«Кәсіптік даярлау факультетінде информатикалық технологиялар, криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл, киберқылмыстар, есірткі бизнесі мен экстремизммен күрес мамандықтары және IT-криминалистер саласы бойынша жоғары білімді мамандар даярланады», – дейді спикер.

Аталған оқу процесіне оқытушылардан бөлек, жетекші ғалымдар, халықаралық сарапшылар мен тәжірибелі қызметкерлер және қоғам белсенділері тартылған. Академия қабырғасында бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отырған ғаламтор арқылы жасалатын қылмыстармен күресу, сондай қылмыстың алдын алу үшін оқытатын «Киберқауіпсіздік және ақпараттық кафедра» базасында киберлаборатория жұмыс істейді.

Сондай-ақ, болашақ полиция қызметкерлерінің физикалық және жауынгерлік дайындығына көп көңіл бөлінеді. Спорт секциялары (жаттығу және күрес залдары, сондай-ақ олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін бокс рингі) курсанттарға физикалық тұрғыдан одан әрі дамуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, академияда арнайы жедел әрекет ету жасағы офицерлерін даярлаудың авторлық бағдарламасы әзірленген.

«Шетелдік тәжірибелерді зерделей отырып, біз үздіксіз білім беруге көштік. Яғни академияда қазіргі қызметкерлер, оның ішінде басшылық құрам қайта даярлаудан өтеді. Жоғары оқу орнынан кейін «Магистратура» және «Докторантура» бағдарламалары бойынша білім алуға болады. Келесі оқу жылында академия бакалавриатқа конкурстық негізде қабылдау жасайды.

Оқуға түсу үшін үміткерлерді орта білімді болуы керек. Жас мәлішері 16–25 жас аралығындағы ҚР азаматтары қабылданады және оқуға түсу туралы барлық сұрақ пен мәліметтерді жергілікті полиция департаменттерінен немесе тікелей ІІМ Алматы академиясынан білуге болады», – деді спикер.

Болашақ үміткер медициналық комиссиядан өтуге тиіс, физикалық дайындығы жөнінде сынақ тапсырған болуы керек және ҰБТ нәтижесі 50 балдан төмен болмауы қажет.

Алматы академиясында оқу ақысыз, жайлы жатақханасы бар. Сондай-ақ, тамағы, формалық киімі, медициналық қызмет көрсету де тегін. Тұрғылықты жеріне дейін (пойызбен) және кері қайту ақысы да академия тарапынан төленеді. Курсанттар шәкіртақы алады. Оқу мерзімі мерзімді әскери қызмет өткерумен тең. Толық оқу курсы аяқтаған әрбір түлекке жұмысқа тұруға кепілдік беріледі.

Оқуды аяқтағаннан кейін түлектерге «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалавр» мемлекеттік үлгідегі диплом мен «полиция лейтенанты» арнайы атағы қоса беріледі.

Нұр ЖАМАЛ.



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Балалар
жылы
2022

«АЛМАТЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ» жеңімпаздар белгілі болды

5 жастан 18 жасқа дейінгі балалар арасында футболдан Алматы қаласы күзгі чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі болды.



Чемпионат биылғы 1 қазан мен 20 қараша аралығында Алматы қаласы Спорт басқармасының қолдауымен өткізілді. Барлық демалыс күндері, оның ішінде мектеп демалысында да, «А», «В» және «С» үш дивизионында таңғы сағат 8.00-ден кешкі сағат 20.00-ге дейін 11 жас санаттары арасында қызықты фут-

бол ойындары өтті. Командалар жалпы 10 тур ойнады.

Алматы қаласы әкімдігінің қосқан үлесінің арқасында спорт пен салауатты өмір салты тұрғындар арасында, оның ішінде балалар үшін де трендке айналып бара жатыр. Мұның жарқын мысалы осы іс-шара. Жас футболшылар қызықты

ойындарға қатысып, әрбір қатысушыға даму үшін жаңа дағдылар алуға мүмкіндік беретін бәсекелестік пен тәрбие процесіне атсалысты.

Осындай ауқымды турнир осы жылы қаламызда алғашқы рет жүзеге асырылды. Чемпионатқа 3400 бала қатысты, олар қаламыздың төрт футбол стадионында 620 ойын ойнады. Матчтарда 30-ға жуық төрешілер қызмет етті. YouTube арнасында ойындардан тікелей эфир жүргізілді. Чемпионаттың сайтында ойындардың статистикасы онлайн режимінде жүргізілді.

Осындай чемпионат жас-өспірімдер үшін Балалар жылы аясында керемет сыйлық болды. Чемпионат «Алматының мақтанышы» ұранымен өтті, өйткені балалар – біздің мақтанышымыз. Қатысу үшін командалардан кіру жарналары алынбағанын атап өткен жөн.

Марапаттау рәсімінде үздік қатысушылар, жүлдегерлер мен чемпиондар анықталды, 1000-нан астам қатысушы марапаттарға ие болып, әртүрлі сыйлықтарды еншіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КАТАР-2022

СЕГІЗ МЫҚТЫНЫҢ ҚАЙСЫСЫ ЧЕМПИОН БОЛАДЫ?

Әлем чемпионаты шарықтау шегіне жақындап қалды. Ширек финалға шыққан сегіз команда анық. Бәрі «сен тұр, мен атайын» деген ауыздыққа көнбейтін асаулар. Бірақ чемпион біреу болуы тиіс. Ол қайсы?

Ширек финалдың ойындары 9-10 желтоқсанға жоспарланған. Хорватия мен Бразилия кездеседі, Нидерланд құрамасы Аргентинамен ойнайды. Англия мен Франция арасындағы аяқасты да тағатсыздана күтіп отырғандар көп. Сондай-ақ, айбарлы Испанияны сүріндірген Марокко Пиренейдің тағы бір командасы Португалияны да еліне қайтарып көруге тырысады. Қай-қайсысы болмасын, финалға бергісіз от ойындар. Қай-қайсысы болмасын, кубокты бастан асырып көтеруге жарайтын, чемпиондыққа лайық командалар.

Ми кайнатар ыстық болмаса да, Катарда қазір ауа райы 30 градусқа жакын. Ал алаңдағы тартыс, тіпті қан қысымды көтереді. Әр ойынның атмосферасы айрықша. Кіл мықтылар қалды деуге келмейтін шығар. Қанша дегенмен ширек финалға жете алмағандардың арасында да мықты командалар жетерлік. Мәселен, Испания. 120 минут бойы шабуылдағанына қарамастан

(Жалғасы 24-бетте).



Луис Энрике шәкірттері Марокконың қақпасынан саңылау таба алмады. Доп дарымай қойды. Ал пенальти сериясында африкалық жігіттердің жүйкесі мықты болып шықты. Бұған дейін Марокко ешқашан Әлем чемпионатының ширек финалына жетпеген. Жалпы, африкалықтардан үш-ақ команда мундиальдің осы кезеңіне дейін жеткен екен. 1990 жылы Камерун, 2002-де Сенегал және 2010 жылы Гана. Марокколықтар бұл тізімде төртінші. Айтпақшы, Африканың ешбір командасы жартылай финалға жетпеген. Бәлкім, тарихты Марокко жаңартар?!
Испаниядан бөлек, биыл жанкүйерлер Германия, Бельгия,

Уругвай сынды құрамаларға да үлкен үміт артқан. Сондықтан ширек финалға мықтылар ғана емес, бабы мен бағы қатар шапқан құрамалар жетіп отыр. Әрі қарай да солай бола береді.

Қош. Сонымен, алда ширек финал. Сегіз команданың бесеуі «Кәрі құрлықтан», екеуі Оңтүстік Американың өкілдері, біреуі Африкадан. Азия құрамаларының соңғылары 1/8-финалдан қоштасса, Солтүстік Американың командалары топтық кезеңнен аса алмады. Сондай-ақ, ширек финалдағы сегіз команданың төртеуі бұрын-соңды чемпиондықтың дәмін сезбеген екен. Нидерланд, Хорватия, Португалия және Марокко жайлы айтып отырмыз. Әсіресе, Нидерландқа обал. Үш рет финалға шыққан. Үшеуінде де жолдары болмады. Хорватия да 2018 жылы ақтық аяқасқа дейін жетті. Ал Португалияның ең ірі жетістігі – 1966 жылғы қола медаль. Қалған төрт құраманың ішінде Бразилия бес дүркін чемпион болса, Аргентина мен Франция екі аламанда атой салған. Англия бір рет топ жарыпты. Биыл қайсысының жолы болар екен? Аз қалды. Он күннен кейін тәж киетін футболшыларды білеміз.

Әзиз ЖҰМАДІЛ.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

Қазіргі таңда Алматы ең қауіпсіз қалалардың біріне айналып отыр. Мұның басты себебі – қауіпсіздік шаралары үшін қондырылған бейнебақылаулардың санының көптігінен екені белгілі. Тиісті сала өкілдерінің айтуынша, ұрлық-қарлық, кісі тонау сияқты жағдайлардың саны азайып келеді. Қоғамда орын алып жатқан оқыс оқиғалардың өзі көбіне бейнебақылау қондырғысы жоқ жерлерде орын алады екен.

СІЗ ҚАУІПСІЗ ҚАЛАДАСЫЗ!

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазір қаланың барлық бұрышына жағалай бейнебақылаудың орнатылғанын байқайсыз. Демек, сіздің өміріңіз қауіпсіз. Сіз қауіпсіз қаласыз! Өйткені, сол бейнебақылауға қарап өзіңіздің қауіпсіз аймақта жүргеніңізді сезінесіз. Осыдан біраз жыл бұрын Алматыда «Қауіпсіз қала» жобасы қолға алынып, бұрыш-бұрышқа бейнебақылаулар орнатыла бастаған еді. Осы жоба аясында Алматы мектептеріндегі бейнебақылаулар тікелей қалалық полицияға қосылды.

Бүгінгі таңда қаладағы барлық 210 мектепте 500-ден астам

бейнебақылау камерасы орнатылып, олар жедел басқару орталығына қосылған. Сонымен қатар, қаланың барлық мектепке дейінгі мекемелері мен мектептерінде күзет агенттігіне хабар беретін дабыл түймелері орнатылды. Бұған қоса, барлық білім мекемелері дабыл құрылғыларымен толығымен жабдықталған. Әрі барлық мекемелерде дауыс зорайтқыш жүйе іске қосылып, білім беру ұйымдарының әкімшілік ғимараттарына кіріп-шығуды бақылап, басқару үшін қондырғылар орнатылған. Сонымен қатар, қаламыздағы екі жүзге жуық мектепке дейінгі білім беру мекемесі бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.

ТӘРБИЕ

ҮЛГІ БОЛАР АҒАЛАР

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде кәметеге толмаған жазалы жасөспірімдер қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Social project managment орталығы» қоғамдық қоры өкілдерінің ұйымдастыруымен «Ashyq alan» жобасы аясындағы «Oz pikirim» диалог алаңында тағы да бас қосты.

Бұл жолы аяғын жаза басып, істі, сотты болған жастарға қонаққа белгілі боксшы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық спорт шебері, бокстан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ермахан Ибраимов келді. Боксер ағаны көрген балалар да қуанып қалды.

Ермахан Сағиұлы балалық шағы, арманы, жүріп өткен жолы, кездескен қиындықтары, оларды қалай жеңгені, қуаныштарда тасымағаны туралы әңгімелеп берді. Үлкен спорттағы жетістіктерімен, ойларымен бөлісіп, шын талантқа ешқашан тұсау болмайтындығын да тілге тиек етіп, жастарды жігерлендірді. Сондай-ақ, айналадағы әр құбылыстан

салмақты ой түйіп, рухани байланыс жасап, оның бәрін ішкі дүниені қонақтаған үлкен арманмен тоғыстырып, жүрген жеріне тек жақсылық дәнін сеуіп жүретін тұлға болуларына тілектестігін білдірді.

Ермахан Ибраимов жасөспірімдердің спортқа байланысты қойылған сұрақтарына жауап беріп, балалардың өздерін де әңгімеге тартып отырды. Кездесу соңында ерекше мейманға жастар да, мекемедегі тәрбие бөлімінің жасақ бастығы Бекзат Жақанұлы да алғыс білдіріп, жасөспірімдер үлгі алатын аға буынның көптігіне ризашылығын жеткізді.

Нұр ЖАМАЛ.



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



Қызым үйде, қылығы түзде...

Кеше 6-сынып оқитын қызымның мұғалімі ата-аналар чатына хабарлама жіберіпті. «Құрметті ата-аналар, балаларыңыздың киіміне, тазалығына, қыздардың шашына назар аударыңыздаршы. Ұлдардың кейбірі дүйсенбі күні кір жағалы жейдемен келеді, қыздар кең шалбармен, ала-құла киіммен жүреді, шаштары өрілмейді. Жасөспірімдер сәнмен киінгісі келетінін түсінемін, бірақ мектепте бала оқушы секілді жүру керек» деп ренішін білдіріпті. Расында ойлап отырсақ, тәрбие, ұқыптылық, мәдениет деген ұғымдар қарапайым кішкентай әрекеттерден басталады емес пе? Кейде жұмысбастылықты сылтауратып, үйдегі балаларды қадағаламай қалатын уақыттар болады. Сабағын оқыту, мінез-құлқын, әдеттерін бақылау былай тұрсын, балаларымыздың сыртқы келбеті назарымыздан тыс қалатыны өтірік емес.

«Қарға баласын аппағым дер» демекші, әр ата-анаға өз баласынан сүйкімді, оның қылығынан тәтті ешкім де, ештеңе де жоқтай көрінетіні рас. Бірақ сырт көз сыншы демекші, кейде көшеде, қоғамдық орындарда балалар мен жастардың, тіпті кейде үлкен адамдардың оғаш қылықтарын көріп қалғанда, «менің балам да өзгелерге осылай көріне ме, өзім де сондаймын ба?» деген ойға қаласың.

Мәселен, қоғамдық көлікте үлкен де, кіші де телефондарын бар дауысына қойып, видео көріп отырады немесе айқайлап телефон арқылы сөйлеседі. Одан қалса жап-жас қыздар қоғамдық орындарда, әсіресе тамақтанатын жерлерде шашын жайып жүреді. Тамақты төгіп-шашып, сылпылдатып ішу, қоқысты қалай болса солай лақтыра салу, түкіру, дөрекі сөйлеу секілді оғаш қылықтарды көргенде еріксіз қынжыласың. Айта берсек, күнделікті тіршілікте этикет, мәдениеттен жүрдай екенімізді мойындауға тура келеді.



Құндылықтан не пайда?..

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі ұстанымдары берік, тәжірибесі де мол. Ата-бабаларымыз баланы құрсақта жатқан кезінен тәрбиелеген деп ауызша айтамыз. Нәресте дүниеге келгеннен бастап ересек адам болып қалыптасқанға дейінгі тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлеріміз де, ырым-тыйымдар да жетерлік. Қазақ ұлтының сәлемдесу әдебі, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетуі, қонақ күту, ас ішу әдебі, киім-кию, сөйлеу әдебінің өзі неге тұрарлық. Халқымыздың озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні – ұлттық мәдениетіміздің бастауы емес пе еді? Дала мектебі қалыптастырған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдениетті күнделікті тұрмыста қолданбасақ, оның еш құндылығы қалмайды.

Үйдегі үлкен әжем кішкентай баланы күнделікті бір уақытта ұйқататындар, бір уақытта тамақтандырындар деп айтып отырады. Түсте ұйықтайтын уақытынан асып бара жатса, келіндеріне баланы уақытында жатқызуға әдеттен деп ескертеді. Бұрындары ол кісінің неге сонша күйгелектенетініне таңқалатынмын. Сөйтсем, адам баласына жақсы әдетті қалыптастырып, дағдыландыру да үлкен жауапкершілік екен. Ал жасында әдеп үйренбеген кісіден өскен соң қайран жоқ. Ал бүгінде осындай қарапайым ғана дүниелерге жүрдім-бардым қарауымыздың салдарынан құндылықтарымызды жоғалтудың аз алдында тұрмыз. Дана халқымыз тәрбиесіз дағды қалыптаспайтынын ежелден-ақ білген. Бойымыздағы мінез-құлық пен іс-әрекетіміздің кейде қазақы әдеппен қабыспай қалып жатуы – біздің құнарлы тамырымыздан қол үзіп бара жатқанымыздың кесірі болса керек.



ӘДЕП пен ӘДЕТ

Кез келген көзі ашық, көкірегі ояу, саналы адам мойнында рухани бір міндеті барын түсінеді. Бұл міндет – өзінен кейінгі ұрпаққа рухани құндылық қалдыру. Рухани құндылықтың ең маңыздысы – ұлттық тәрбие. Әр адамның отбасында баласына беретін тағылымы – ұлттың болмысына қосқан үлесі. Әр ұлттың бала тәрбиесіндегі өз ұстанымдары мен қағидалары бар. Құрсақтан қанға сіңген қасиет те, тәрбие де, жағымды-жағымсыз әдет те бүтін бір ұлттың келбетінен, іс-әрекетінен, өмір сүру салтынан байқалып тұрады.



НАҚЫЛ СӨЗДЕР

«Жақсылық жолында келе жатып жаман әдет көрсетпе!»
(Сәбит МҰҚАНОВ).

«Сұлулық, әдептілік, білімділік, сезімділік, ерлік, даналық – бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен, елдің, халықтың еншісі».
(Ғабит МҮСІРЕПОВ).

«Кісілік пен кішілік – ұлылықтың белгісі».
(Махмұд ҚАШҚАРИ).

«Әдептің басы – байқап сөйлеу».
(Іүгінеки АХМЕД).

«Жақсы адам болып қалыптасу үшін жсратылысынан гөрі, жаттығудың рөлі зор».
(ДЕМОКРИТ).

«Жігіт адамға 3 нәрсе кесір болады: 1 – еріншектік, 2 – ұйқышылдық, 3 – тіл алмау. Содан сақтан».
(ӘЙТЕКЕ БИ).

«Дөрекі болу – өз басының қадір-қасиетін ұмыту деген сөз».
(ЧЕРНЫШЕВСКИЙ).

«Осыншама әдептілікті кімнен үйрендіңіз?» деп сұрағанда
Дұқпан Хакім: «әдепсізден үйрендім» деген екен.



Адам әдебімен көрікті

Адамның қандай болмағы, кім болмағы тәрбиеге, ортаға байланысты екені бәрімізге аян. Адам бірден әдепті болып шыға келмейді. Әдептілік адаммен бірге өсіп жетіледі. Қазақта «Әдепті елдің баласы, алыстан сәлем береді» немесе «Сәлем сөздің анасы» деген сөз бар. Бұл тегіннен-тегін айтылмаған. Таңғы ұйқысынан оянған адам алдымен жақындарына қайырлы таң тілейді. Сол секілді ұқыпты жүру, сыпайы сөйлеу, ортада өзін ұстауды да бала ең алдымен отбасында үйренеді. «Бала айтқанды емес, көргенін істейді».

«Адам басшысы – ақылы, жетекшісі – талап, қорғаны – сабыр, жолдасы – кәсіп, қорғайтын қорғаушысы – мінез, бәрін тәртіпке келтіретін – әдептілік» деген нақыл сөз бар. Осы сөздің мәнін түсінген адамға бұл өмірлік сабақ. Өйткені, адам жүзінің сұлулығымен емес, ішкі жан дүниесімен, әдептілігімен, парасаттылығымен, мәдениеттілігімен әдемі.

Әдептілік пен мәдениеттің шығыстан бастау алатыны тарихтан белгілі. Халқымыздың осынау «әдеп», «әдептілік» ұғымының мәнісі тамыры терең ұлттық рухани мәдениетімізде жатыр. «Әдеп» термині түркі халықтарының орта ғасырдағы араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген. «Әдеп» сөзі моральдық категория, қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар деген мағынаны білдіреді. Адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін аңғартады. Әдептілік қасиеттің ең жарқын көрінісі – ол парасаттылық пен адамгершілік.

Елімізге келген кез келген қонақ, турист алдымен адамдардың әдебіне назар аударады. Өйткені, өзіміз де шетелге шықсақ, сол жақтағы адамдардың әдебі мен мәдениетіне бірінші ден қоямыз. Еуропалықтар секілді дастархан басында қандай қасықты немесе шанышқы, пышақты қай қолымызға ұстау керек екенін, басқа да этикетті білмей жатсақ, бұл ұят емес болар. Бірақ қоғамдық орында тазалық сақтамасак, өз жерімізге, қаламызға, көшемізге жанашырлықпен қарамасақ, өзімізді жабайы дала тағысындай ұстасақ, дөрекесі сөйлесек, міне, осындайда атымызға ұят келеді.

Бәлкім, батыс мәдениетінде ашық-шашық киіну қалыпты дүние болар, ал біз үшін әдепсіздік. Сондықтан өзге елдің мәдениеті мен әдебінен бұрын өз ұлтымызға тән қасиеттерді жоғалтпасақ, біз үшін құндылықтың төресі осы. Өз үйінде, өз елінде әдеп сақтай білген адам өзгелерге де сыйлы.



Жапондар үлгі алуға тұрарлық

Дәл қазір Катарда өтіп жатқан футболдан әлем чемпионатында жапондық футболшылар да, жанкүйерлер де күллі әлемнің алдында өздерінің аса мәдениеттілігін көрсетті. Жапониялық жанкүйерлер ірі матчтардан соң стадионды жинап кететіні жайлы Ресейдегі әлем чемпионаты кезінде де айтылған еді. Бұл жолы да олар өз әдеттерінен танбай, Катардағы стадиондарда да жапон жанкүйерлері қауымдастығы өзімен бірге арнайы пакеттер алып келіп, оларды белсенді жанкүйерлердің орындарына қойып қойды. Матч біткен соң олар шашылған коқыстарды пакеттерге салып, қоқыс толы пакеттерді өздерімен алып шығып жатты. Иә, жапониялық команда әлемдік доп додасының ¼ финалына шыға алған жоқ. Бірақ Жапонияның ұлттық құрамасының бас бапкері Хадзимэ Мориясу стадионда көңіл күйі түскен жанкүйерлердің алдына барып, басын иіп кешірім сұрауының өзі әсерлі. Бапкер «үмітті ақтай алмадық, алда бұдан да жақсы ойнаймыз» деп уәде берді. Жапондардың асқан мәдениеттілігі, ұқыптылығы, тәртіпке бағынатындығы жайлы жиі естиміз. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» демекші, расында самурайлар елі үлгі алуға тұрарлық.

Дайындаған
Айнұр СЕНБАЕВА.



ТАҒЫМ

ӘСКЕРИ БӨЛІМГЕ
Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ
ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Еліміздегі ең іргелі мегаполис – Алматының қоғамдық тәртібі мен қауіпсіздігін, яғни қаланың тыныштығын күзететін 5571 әскери бөліміне Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының есімі берілді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бұл салтанатты іс-шара әскери бөлімнің құрылғанына 24 жыл толу күніне орайластырылды.

– Ата ел-жұртының, ұрпағының арасында жүр. Артында қалған елі, ұрпағы атын жаңғыртып, бүгін тағы да атаны тірілтіп жатыр. Ғалымдар «Сөнген жұлдыздың жарығы миллион жылға жетеді» деген екен. Атаның жұлдызы әлі де жарқырап тұр, – деді салтанатты жиында сөз сөйлеген Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова.

Іс-шара барысында бөлім командирі, полковник Бақдәулет Оспанбеков жеке құрамды патриоттық рухта тәрбиелеуге, жауынгерлік қызмет міндеттерін шешуде өзара әрекеттестікті нығайтуға қосқан зор үлесі үшін Алматы қаласы мәслихатының депутаты Шухрат Шардиновке, Зейнеп апай мен генерал И.В.Панфиловтың немересі Алуа Байқамароваға «Бөлімнің құрметті азаматы» марапатын табыстады. Қонақтар естелік ретінде бөлімнің құрметті қонақтарының кітабына лебіз-жазба қалдырды.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Бауыржан Момышұлының есімін иеленген 5571 әскери бөлімі 1998 жылы

4 желтоқсанда құрылған. Бөлім Алматы қаласының 8 ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындайды. Қоғамдық-саяси және спорттық іс-шараларды өткізу кезінде заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Кейінгі бес жылдың қорытындысы бойынша жеке құрам төтенше жағдайларда да қызмет атқара алатындығын және оған тастүйін дайын екендіктерін көрсетті. Олар Наурызбай ауданында табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қатысты. 2020 жылы Алматы облысы мен Алматы қаласындағы карантиндік режим кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етті. Сондай-ақ, Жамбыл облысы, Қордай ауданының бірқатар ауылында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті күзету қызметін атқарды. Ал «Қаңтар оқиғасы» кезінде мемлекетіміздің тұтастығы мен конституциялық құрлымын сақтап қалу міндеттерін орындады.

Даңқты қолбасшының өмір жолы мен ерліктері әрқашан барлық әскери қызметшіге үлгі болары анық. Батырдың есімі берілген бөлімнің жауынгерлері еліміздің тыныштығын кірпік қақпай күзетуге зор үлесін қосады деп сенеміз.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЯЗЫ МОЛ «АҚЫРАП»

Желтоқсанның ызғарлы әрі құбылмалы амалдарының бірі. Осы кезде қар қиыршықталып, қатты әрі нығыз болып жауған. Бұрынғылар бұл амалды «сары қар» деп те атаған

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, желтоқсанның 8-і. Ай жүйесі айдың 14-ін көрсетіп тұр. Ал қазақы есепке сүйенсек, бүгінгі күнді қоспағанда, енді 5 күннен кейін желді айы басталады. Апта айды түгел қамтыған. Демек, бұл көрініс ауа райында айтарлықтай өзгеріс: қар, жаңбыр, жел, боран орын алатынын білдірсе керек. Бірақ бұл құбылыс шаруаға аса қолайсыз жағдай туғызбауға тиіс.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қыстың бастауы болған, соңғы тоқсанның көшін бастаған «Қырбастың қызылы» амалы әлі жүріп жатыр. Аптаның соңына дейін созылады. Пайым бойынша, қар жаууы, күн суытуы тиіс. Солай болып та тұр. Алматылықтардың бетін үсітіп, құлағын түсіретіндей аяз болмағанымен, амал кезінде тұман, көктайғақ, ызғар бой көрсетіп, қала тұрғындарын шарасыз халге түсірді. «Қырбастың қызылы» амалының әсері болса керек бұл көрініс.

Өткен жолғы хабарымызда «Ақырып келетін, қарлы боранын шақырып келетін» «Ақырап» амалы келе жатқанын жазғанбыз. Бұл амал осы желді айының 10-ы күні басталып, 15-іне дейін созылады.

Бұл амалды бұрынғылар «сары қар» деп те атаған. Өйткені, осы кезде қар қиыршықталып, қатты әрі нығыз болып жауған. Амал кезінде күзеулікке



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Күннің әрекеті мен қозғалысына қарап жасалған жорамал:

- *Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық.
- *Кешик күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- *Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- *Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- *...Күн қораланса күрегіңді сайла.

қалың қар түсіп, сүреңсіз тіршілік басталатын болған, ата-бабаларымыз соғымдық малдарды шығынға ұшыратпау үшін алдын ала қыстаулыққа жіберіп отырған.

Демек, алдағы аптаның ауа райы аса жайлы бола қоймауы ғажап емес. Алматыда анау айтқан аяз немесе боран болмағанымен, бір күн қар, бір күн жаңбыр ызғарлы желмен алмасып кейде ұйтқи соғып, кейде жаяу борасындатып отыратын сынайлы.

Желтоқсан айының амалы көп, жел мен ызғарға мол ай екенін өткен пайымымызда ескерткенбіз. «Қырбастың қызылы», «Ақырап», «Теке бұрқыл», «Киіктің матауы», «Сірне», «Аю жатқан» амалдары осы айдың еншісінде.

Аспан денелерінің қазіргі қозғалысына, бір-бірімен қарым-қатынасына, құс жолының анық көрінбеуіне қарағанда, күн аралатып қар, жаңбыр және ызғар соғып тұратынға саяды. Өткен аптамен салыстырғанда алдағы аптада (8 – 14 желтоқсан аралығы) ауа райында суықтық аңғарылады. Амалға қатысты айтылған «Ақырап» ақырып келеді, қарлы боранын шақырып келеді» деген мақалдың шын мәнінде затына сай айтылғанын ұғынғандай боламыз. Қар да (көбінесе), жаңбыр да жаууы ғажап емес.

«Ақыраптан» кейін тентек амал «Теке бұрқыл» амалының кезек күтіп тұрған да ұмытпағанымыз жөн...

АМЕН 2022

АНИМАЦИЯ ӘЛЕМІ

Халықаралық анимациялық
фильмдер фестивалі

Алматыда АМЕН 2022 IV Халықаралық анимациялық фильмдер фестивалі өтіп жатыр. Оны дәстүрлі түрде OzgeEpic заманауи өнер кеңістігі мен Қазақстанның анимациялық киностудиялар қауымдастығы ұйымдастырды.



Биылғы фестивальді режиссер Мейіржан Сандыбайдың «Шырақ» қысқаметражды анимациялық фильмі ашты.

Конкурстық бағдарламаға Қазақстан, Ресей, Польша, Франция, Грузия, Испания, Өзбекстан, Қытай және Әзербайжан сияқты түрлі елдердің аниматорлары қатысты. Бүгін жеңімпазды «Үздік анимациялық қысқаметражды фильм» номинациясы бойынша Оскар сыйлығының екі дүркін номинанты Константин Бронзит бастаған беделді қазылар алқасы таңдайды. Ал жабылу салтанатында фестиваль жеңімпазының жұмысы көрсетіледі. Фестивальдің жүлде қоры 500 000 теңге.

Сондай-ақ, фестиваль аясында «Арман» киноорталығында ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың қатысуымен ағымдағы жылы Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киносту-

диясының негізінде құрылған «Қазақанимация» жаңа шығармашылық бірлестігінің тұсаукесері өтті. Тұсаукесерде биыл өндіріске енгізілген жиырма қысқаметражды мультфильм көрсетілді.

«Біздің ұлттық анимацияның 55 жылдығын мерекелеу аясында IV халықаралық АМЕН анимациялық фильмдер фестивалін өткізу біз үшін үлкен мәртебе. Бүгінгі таңда қазақ анимация өнері әлемдік кинематографиялық кеңістікте өз орнын тауып, зор әлеуетін көрсетуде. Халықаралық фестивальдердің жеңімпазы атанған анимациялық туындыларымыз шығармашылық деңгейіміздің өскенін дәлелдейді. Дегенмен, біздің биіктіктеріміз әлі алда», – деді фестиваль президенттерінің бірі, бас продюсер Адай Абельдинов.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің кеңесшісі Мақпал Жұмабайдың айтуынша, фес-

тивальдің басты мақсаты – қазақ анимациясын әлемдік деңгейге көтеру:

«Аталмыш фестиваль арқасында қазақ анимациясының жаңа деңгейін көрдік. Яғни фестиваль ұлттық өнер, оның ішінде ұлттық анимация үшін орасан зор қызмет атқарып жатқанын атап өткім келеді. Фестивалиміз еліміздегі анимация саласына қатысты бастамалардың негізі болды, алға қойған мақсаттары да айқын. Қазақ анимациясының әлемдік деңгейге көтеру және қазақстандық анимациялық қауымдастықтың кәсіби әлеуетін көтеру – біздің басты мақсатымыз», – деді ол.

Айта кеткен жөн, фестиваль ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің және Ұлттық киноны қолдау жөніндегі мемлекеттік орталықтың қолдауымен ұйымдастырылды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ҰБТ-2023

ӨЗГЕРІСТЕР БАР!

Қазірдің өзінде келесі жылғы ҰБТ-2023 сынағының өзгерістері белгілі болып отыр. Мәселен, осы жылы мектеп бітіргелі отырған түлектер оқуға түсу үшін қанша балл жинауы керек?

Министрліктің мәліметінше, ендігі жерде әр пән бойынша ең кемі 5 балл жинай алмаған талапкер жоғары оқу орнына түсе алмайды. Сонымен қатар, Ұлттық тестілеу орталығы түрлі мамандықтар бойынша шекті балын да белгілеп үлгерді.

«Құқық» – 75 балл, «Педагогикалық ғылымдар» – кем дегенде 75 балл; «Денсаулық сақтау» – 70 балл; «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» – 60 балл.

Сондай-ақ, ұлттық жоғары оқу орындарында білім алу үшін кемінде 65 балл, ал басқа оқу орындарының шекті

балы 50 балл болып белгіленді. Бұған қоса, әр пән бойынша шекті балл – 5 балл болмақшы.



ЖАҢА КӨЛІК

Еліміз бойынша биыл бірінші рет балаларды тасымалдайтын 500-ден астам автобус сатып алынды. Бұл автобустардың барлығы да сары түсті, қауіпсіздік шаралары қамтылған, жүрген кезде қауіпсіз көліктер санатынан.

АВТОБУСТАР ЖАҢАРТЫЛДЫ

Алматы қаласында да бұл автобустар жаңа жылдан бастап қолданысқа енетін болады. Жалпы, еліміздегі автобустарға қатысты Оқу-ағарту министрі А.Аймағамбетов:

«Мектеп оқушыларын тасымалдайтын автобустарға тексеру жүргізген кезде

арасында 1980 жылғы автобустар да болды. Оларда ешқандай белдігі жоқ, тиісті жағдай жасалмаған. Сондықтан біз бұл мәселені шұғыл көтеріп, жайлы, жақсы, заманауи автобустар сатып алдық. Олардың алды беріле бастады. Әрі қарай да бұл істі жалғастырамыз», – деді.

ПЕДАГОГИКА

Мектеп директорына тағы бір жауапты міндет жүктеліп отыр. Енді директор мектептегі психологиялық қызметке де тікелей жауапты болатын болды. Сонымен қатар, бұл қызметтің құрамына директордың орынбасары, педагог-психолог және әлеуметтік педагог та кіретін болды.

ДИРЕКТОРДЫҢ ТАҒЫ БІР МІНДЕТІ

Бұл ретте, министрлік мектеп ішіндегі психологиялық ахуалды жақсарту, сондай-ақ психологиялық проблемалары бар балалар мен дарынды оқушыларға қолдау көрсету мақсатында мектеп ішіндегі психологиялық қызметті жақсартуды көздеп отырғаны белгілі.

Енді аз күнде мектеп басшысы психологиялық қызметтің жұмыс жоспары мен құрамын бекітеді. Мектеп психологы мен педагог-психологына қойылатын біліктілік талаптары да өзгеріс тапқан. Ендігі жерде бұл салада қызмет ету үшін «Педагогикалық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» кадрларын даярлау бағыттары жоғары не жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ие болуы міндетті. Маманның жұмыс өтілі талап етілмейді.

ЖОБА

АЛМАТЫДА ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР ЖОҚ

Сондықтан үш ауысымды мектептердің барлығын тек екі ауысымда оқитын етіп қана қоймай, бірте-бірте бір ауысымға өткізу мәселесі туындап отыр. Егер балалар бір ауысымда оқыса, білім беру сапасына өте жақсы әсер етеді. Бұл мақсатқа жету үшін «Жайлы мектеп» жобасы үлкен рөл атқарады. «Жайлы мектеп» жобасына 2,6 трлн теңге толығымен республикалық бюджеттен бөлініп отыр. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының жемқорлардан қайтарылған қаражатты толығымен мектеп құрылысына жұмсау туралы тапсырмасына сәйкес арнайы қор құрылады.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

ЗАМАНАУИ ҒИМАРАТ

Биылғы оқу жылын Наурызбай ауданының тұрғындары зор қуанышпен бастаған еді. Ауданда көптен күткен жаңа заманауи мектеп ашылып, оқушылар игілігіне берілді. Бұл мектептің ашылуы ата-аналарға да, оқушылар үшін де өте тиімді болды.

Өйткені, осы уақытқа дейін қаланың әр бұрышына қатынап жүрген оқушылар енді алысқа бармай-ақ, үй іргесіндегі мектептен білім алады. Бұл ең алдымен, оқушылардың өмір қауіпсіздігіне оң әсер етсе, білімнің сапасына да тигізер септігі жоқ емес. Қош деңіз, сонымен ауласын қоңыраудың күміс үні кернеген 206 мектеп-гимназиясының білім әлеміндегі тарихы осылайша басталып кеткен еді. Қазір мектепте 2064 оқушы білім алып жатыр. Жалпы, бұл ғимараттың құрылысы 2021 жылдың ақпан айында басталып, 11 айда, яғни желтоқсан айында аяқталды. Құрылысы барлық талапқа сай келетін ғимарат негізінен 1800 оқушыға арналған. Аталмыш мектеп ағылшын және математикалық бағытта білім береді. Соңғы үлгіде заман талабына сай салынған оқу ғимараты 9 блоктан тұрады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жүріп-тұруына қолайлы болу үшін 3 лифт жұмыс істеп тұр. Мектептің әр блогы бастауыш сынып, техникалық пәндер мен гуманитарлық пәндер деп арнайы блогтарға бөлінген.

Сонымен қатар, мұндағы оқу кабинеттерінің саны – 87. Мәселен, физика, химия, биология кабинеттерінің зертханалары қажетті құрылғылармен толық жабдықталған. Әрбір оқу кабинеттері заманауи smart тақталармен қамтылған. Бұл тақталардың бір ерекшелігі, әр пәнге қатысты толық материалдар 3D форматында тақтаның ішіндегі бөлімдерге бөлінген. Бұл мұғалімнің өз пәнін жан-жақты, оқушылар қызығатындай етіп өткізуіне жасалып отырған зор мүмкіндік. Өйткені, сабақ барысында әр пән мұғалімі өзінің сабағын SMART тақтаның көмегі арқылы нақты дәлелдермен өткізе алады.

Сондай-ақ, оқушылардың өзінше ізденіп, практикалық,

зертханалық жұмыстар жасап, ғылыми жобалармен шұғылданыуына да жағдай жасалған. Бұл үшін әрбір пәннің зертхана кабинеттерінде керекті құралдардың бәрі бар. Мектептің жаңа талапқа сай кең де, бір қабырғасы тұтастай терезеден тұратын асханасында бір мезетте 330 оқушы тамақтана алады. Бай кітап қоры бар мектеп қазір «Оқуға құштар мектеп» жобасымен жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Оқушылардың кітап оқуға құштарлығын ояту мақсатында «Менің кітабым» іс-шарасын бастап кеткен. Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануы да еліміз үшін аса маңызды. Сондықтан жаңа мектептің спорт залдары спорттық құралдармен толығымен жабдықталған. Мұндағы спорт залдары волейбол, баскетбол, кіші футбол және атлетика жаттығуларына ыңғайланып жасалған.

Бұған қоса, мектептің сыртқы спорт алаңы мен ойын алаңдары бар. Қыз балаларды үй жұмысына баулып, олардың күні ертең қосымша кәсіп ашуына себеп болар тігін машиналарымен жабдықталған тігін шеберханасының да жұмысы қазір қызға түскен. Сонымен қатар, ағаш өңдейтін станокпен жабдықталған шеберхана мен саз балшық өңдеу дөңгелектері бар. Бұл шеберханалар сән үшін емес, оқушылардың бір кәсіпті игеріп шығуына арналған. Жаңалықтар мен өзгерістерге толы білім әлемінің тағы бір ерекшелігі – мұғалімдер бөлмесі мен медиатека кабинеттері де толық компьютермен жабдықталған. Мұнда ашықтық орын алған. Ата-аналар осында келіп, балалары туралы толық мағлұмат алуына болады.

Қазіргі жаңа мектептерде баланың қауіпсіздігі басты орында тұр. Өйткені, қоғамда түрлі жағдайлардың орын алып жатуы ата-аналардың алаңдаушылығын туғызып жатады. Сондықтан соңғы үлгіде салынып жатқан мектептерде оқушылардың қауіпсіздігіне арналған Face ID бағдарламасы қолданылған. Бұл бағдарламаға мектеп оқушылары мен ата-аналарының толық мәліметтері енгізіліп, кіреберісте орнатылған камералар арқылы әр оқушының мектепке кіріп, шыққаны туралы хабарламалар ата-аналарының ұялы телефонына барып тұрады.

Мектеп-гимназия басшысы Фатима Алиакпарованың айтуынша, ұжымдағы мамандардың дені кәсіби мамандар мен жастар. Жаңа талапқа сай, мұғалімдердің 153-і жұмысқа конкурспен қабылданған.

ӘЛІППЕМЕН ҚОШТАСУ

Қазір қала мектептерінде оқып жатқан 1-сынып оқушыларына білімнің бастауы болған, сүйікті «Әліппемен» қоштасу рәсімі басталды. Осылайша үрдіске айналған «Әріптерді үйреткен, рахмет саған, Әліппем!» атты қоштасу қайта жаңғырып жатыр.

Әріптерді үйреткен, рахмет саған, «Әліппем!»

Биылғы оқу жылында барлық 1-сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығы табысталған еді. Сүйікті «Әліппе» арқылы барлық әріпті танып, қолына қалам алып, қара таныды. Енді сәтін салса, 3-ші тоқсанды «Ана тілі» оқулығымен бастамақшы.

Жалпы, осынау «Әліппе» оқулығының ортамызға оралуында әдіскерлер мен ғалымдар ауқымды жұмыс жүргізгені белгілі. Аталмыш оқулық ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың 1912 жылғы Әліппесіндегі басты қағидаттар негізінде әзірленген. Оқулықта барлық оқу мақсаты талапқа сай сақталып, баланың жас ерекшелігіне қарай, дыбыспен жаттығу, сөз жасаудағы қызметтері ескерілгендіктен, оны оқу да қиындық туғызбаған сыңайлы.

Сонымен қатар, оқулықта оқудың оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту қағидаты сақталған көрінеді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

ЗЕРДЕ

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Президент Қ.К.Тоқаев «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс. Бұл жұмыстарды Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу қарсаңында бастау керек» деген еді. Бұл тың бастамаларға ашылған даңғылдың бастауы болды.

Адамзат дәуірінде небір алып империялар ғұмыр кешкен. Соның бірі – Алтын Орда. Мұның шежіресі ғасырлар қойнауымен үндеседі.

Еуразия тарихында түрлі оқиғалар өткен. Оның ішінде Алтай, Тұран, қарт Каспий, Қап тауы сынды, т.б. топономикалық жер-су атаулары кездеседі. Көпшілігінің шежіресін шертсеңіз, түркі-моңғол халықтарына барып тіреледі. Алаштың ардақтысы ақын Мағжан Жұмабаев «көп түрік енші алысып тарасқанда, қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?» деген еді. Осы өлең жолдарынан бірқанша астарлы дүниелерді аңғаруға болады. Ендеше, өзіміздің төл тарихымызды біршама қаузап көруге тырысайық.

БАҒАДҮР БАБАЛАР

Ақын Қадыр Мырза-Әлі «біз тарихы қалың елміз» депті. Осы сөзден артық баға бола қоймас. Ғаламды таңдандырған ғаламатты енгізген ол – ата-бабаларымыз. Оны уақыттың өзі дәлелдеп келеді.

Біз Батыс Еуропаға жорық жасаған Ғұн, Сак, Түркілердің ұрпағымыз. Одан кейін Қараханит, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ хандықтары билік құрды. Жарты әлемді уысында ұстаған Шыңғыс қағанның дәуірі күллі жер жүзіне феномен іспетті. Жер шарының бір шетінде Осман империясының атағы дүрілдеп тұрды. Османдықтар – арысы Араб түбегі, бір шеті Еуропаның біраз бөлігін қармады. Мысырда Қыпшақ даласының перзенті Сұлтан Бейбарыс Крестшілер жорығының бетін қайтарады. 17 жыл Араб әмірліктерінде билік етіпті. Ал Әмір Темір империясын білмейтін адам кемде-кем шығар. Ақсақ Темір дүниеде найзағай болып ойнады. Оның қаһарынан әлем қаймықты. Бұл – қатпарлы тарихымыздың қысқаша анықтамасы.



АРХИФАКТ

Алтын Орда дәуірі талай халықтың дамуына жол ашты. Әрбірі өздерінің халық болып қалыптасуына мүмкіндік алды. Сонымен бірге, дәл қазіргі кездегі мемлекеттілік дәрежесін қалыптастырды.

Алтын Орда хандары салдырған, өркендеткен қалалар аз болмаған. Соның негізгілері – Сарайшық, Сарай Бату мен Сарай Берке. Ашық дереккөздерде Сарай-Бату, Ескі Сарай, Үлкен Сарай – Алтын Орда мемлекетінің алғашқы астанасы, Еділ өзенінің төменгі ағысына 1254 жылы Бату хан салдырған. Қаланың қираған орны қазіргі Астрахан облысы, Селитренное ауданының маңында. 1922 жылы Ф.В. Боллод, 1931 жылы П.С. Рыков қазба жұмыстарын жүргізген. 1980–1990



Алтын Орда – шежіресі әлі толық зерттелмеді. Оның дәл қазіргі қазақ топырағында құрылғанын біреу білсе, біреу білмейді. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша, Жошы ханның ұлы Бату хан Оңтүстік Қазақстандағы Сығанақ шаһарынан көшкен деседі. Жошы ханның кесенесі Ұлытау төрінде орналасқанын білеміз. Көп тарихи оқиғалар алдыменен қазақ топырағынан бастау алған десек, адаспаймыз. Кеңес кезеңінде мұндай тарихи шындықты айту айып саналды. Цензураның қаттылығынан, қайдан шыққанымызды, осыншама мол мұраға ие екенімізді ұмыта жаздадық. Қылышынан қан тамған ол жүйе де келместің кемесіне мінді. Осы күндері өзіміздің кім екенімізді зерделеп, мәдениетіміз бен руханиятымызды түгендеп келеміз.

жылдары Ресей Ғылым академиясының археология институтының экспедициясы зерттеген. Қалада соғыста қолға түскен түрлі саладағы шеберлердің қолынан шыққан салтанатты сарайлар, мешіттер, қолөнер шеберханалары болған. Жазба деректерде Сарай-Батуда шығыс пен батыстың көптеген елшіліктерінің болғаны айтылады (Плано Карпини, Гильом Рубрук, т.б). Египеттің атынан Сұлтан Бейбарыс жіберген елшілік бірнеше рет Сарай-Батуда болғаны туралы да мәліметтер бар. 1312 жылы Сарай-Бату Өзбек хан таққа отырғанға дейін Жошы ұлысының орталығы болды. Кейбір деректер бойынша Бердібек ханның денесі де осы жерге жерленген. Кейіннен Алтын Орда хандарының өзара қырқыстары мен Әмір Темірдің жорығы салдарынан 1395-1396 жылдары қала қатты бүлінген. Қала 1480 жылы толығымен күйреген. Қазба

барысында табылған археологиялық материалдар Сарай-Батудың кезінде Еуропа мен Шығысты жалғастырған сауда жолының бойындағы маңызды орталықтардың бірі болғандығын аңғартады.

Империяның тағы бір аса ауқымды нысаны бар. Ол – Сарай-Берке. Кей деректерде Жаңа Сарай – Алтын Орда мемлекетінің екінші астанасы, 1260 жылы Берке хан салдырған. Шаһардың қираған орны Еділ өзенінің бойында, қазіргі Волгоград облысы, Царев ауылының маңында алғашқы астанадан біршама жоғары орналасқан. Сарай-Беркеге зерттеу жұмыстарын 1843–1851 жылдары А.В.Терещенко, 1922 жылы Ф.В.Боллод, 1959–1967 жылдары Г.А.Федоров-Давыдов жүргізген. Өзбек хан таққа отырғаннан кейін 1312–1341 жылдары Алтын Орданың астанасы Сарай-Беркеге көшірілді. Оның гүлденген уақыты XIV ғасырдың I жартысы саналады. Бердібек ханның бұйрығымен қалада мешіт, медресе, мазарлар салынған.

Археологиялық қазба барысында металл өңдейтін ұсталардың шеберханалары ашылды, сондай-ақ тері мен тоқыма ісінің дамығандығы анықталды. Қалада саудагерлер маңызды рөл атқарған. Бұхара, Самарканд, Үргеніштен өздерімен бірге ислам дінінің идеяларын ала келген олар бүкіл Алтын Орда халқының мұсылмандықты қабылдауына әсер етті. Сарай-Беркеде 1361 жылдан бастап таққа таласқан Алтын Орда хандарының билігі жиі ауысып отырды.

ӨРКЕНИЕТ ЖАУҒАРЫ

Әр дәуірлеген империя түрлі өркениет пен мәдениеттің жолын салады. Бұған екішұтты қарай аласыз. Ғалымдардың дәлелдеуі бойынша Алтын Орда тек қана түркі халықтарының өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, барша әлемге нұрын шашқан.

Соның нәтижесінде Ақ Орда, Көк Орда, Сібір хандығы, Қазақ хандығы пайда болды. Бүгіндегі татар, башқұрт, ноғай, қарашай сынды т.б. жұртшылықтар империя құрамында ғұмыр сүрді. Біз Қазақ хандығын Алтын Орданың заңды мұрагері санаймыз. Оған бірнеше дәлелді жоғарыда келтіріп өттік. Ол туралы қазақ арасында түрлі фольклорлық аңыз-әңгіме, эпостар сақталған. Енді Ұлық ұлыс кезеңінде қалыптастырған мемлекеттік жүйені мысалға келтіреміз.

Нақтырақ:

- Әскер.
- Салық.
- Пошта.
- Территориялық құрылым және т.б.

Осы аталғандардың бәрі сол дәуірде толыққанды жүзеге асты. Мұның баршасы бүгінгі мемлекетті билеу жүйесінің іргетасы саналады. Қай жағынан алып қарасаңыз да, бабалар ізі, қолтаңбасы барлық жерде сайрап жатыр.

ТҮЙІН:

XX ғасырда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов негізін салған Алаш Орда мемлекеті тарихи бастауын арысын айтпағанда, берісі Алтын Орданы бастау алары анық. Оның сыртында түркі халықтарының басын қосуды көксеген Мұстафа Шоқайдың Түркістан Автономиясының жөні бір бөлек. Ең бастысы, Жер жүзінде Тәуелсіз Қазақ елі бар. Ақыретке дейін дербестігімізді сақтап, дүниенің ең дамыған державасына айналуға Жаратқан ие жазсын демекпіз.

Біз тарихтың бір парасын айттық. Сөйте отырып, тізгінді осы тұстан тарттық. Айтылмаған, зерттелмеген дүние көп. Алдағы уақытта бұған арнайы тоқталсақ дейміз.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Сүйікті менің періштем»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры
Спектакль авторы: Бернард Шоу.
Қоюшы-режиссері: Әлімбек Оразбеков.
Аударған: Әлімбек Оразбеков.
Жанр: комедия.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Күні мен уақыты: 9 желтоқсан, 18.30.



«Бояулар мерекесі» көрмесі

Өтетін орны: Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 132. «Алматы мұражайы».
Көрмеде: Суретші түсті туындының өзін-өзі басқаратын объектісі ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, ол түс пен сызық, пәндік пішін және үш өлшемді кеңістік арасындағы көрнекі диалогқа да қызығушылық танытады.
Күні мен уақыты: Экспозицияны желтоқсан айының 24-іне дейін тамашалай аласыз-дар!
Жас санаты: 3+.



Movida boxing

Өтетін орны: Алматы қаласы, «Алматы Арена» мұз айдыны.
Өтетін күні: 11 желтоқсан, 18.00.
Жас шектеуі: 12+
Кездесу: Кештің басты жекпе-жегінде жеңіліс дәмін татпаған кәсіпқой рингтің хас шебері Жанқош Тұраров аса қауіпті испаниялық боксшы Энрике Луиспен IBO Intercontinental чемпиондық белбеуін сарапқа салады. Сонымен қатар, еліміздің талантты әрі жойқын боксшыларының бірі Елхан Табынбаев WBC Intercontinental титулы үшін бразилиялық Матус Де Сильвамен қолғап түйістіреді.





ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ТАРИХИ СЕРИАЛДАР НЕГЕ ТҮСІРІЛМЕЙДІ?



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Елімізде соңғы уақытта қазақ халқының тарихына терең бойлайтын тарихи кинолар түсіріле бастады. Алайда, отандық телеарналардан тұлғаларға, әр кезеңге, соғыстағы жеңістерге арналған ұзақ-сонар сериалдар әлі түсірілмеген.



Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романының желісі бойынша «Қазақ хандығы» сериалы түсірілді. Ол «Қазақ елі» деп аталатын тарихи циклді сериалдың алғашқы бөлігі болып есептеледі. Фильм 20 сериядан тұрады. Алайда, аз ғана сериалға еліміздің тарихын сыйдыру мүмкін емес. Арасын тек шолып-шолып шыға салатынынан-ақ байқауға болады. Дегенмен де, осындай кезде түрік сериалдарындай, қызығы мен шыжығы мол сериал неге түсірілмейді деп қынжыламыз.

Менің бір ағайым отандық арналардың бірінен түріктің «Дастан» атты фильмін көріп жүргендігін айтқан еді. Ағамыздың әңгімесіне үнілсем, фильм арқылы түрік ағайымымыз өздерінің жауынгерлігін, намысшылдығын, талаптылығын, ерлігін шебер көрсетеді екен. Басты рөлдің біріндегі Аққыз есімді ару жас та болса бас болып, өзі туып-өскен жерін, елін қорғайды. Сымбаты мен ержүректілігі ұштасқан ару кішкентай балдырғандардың қаһарманына айналған. Сериал VIII ғасырдағы халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейді.

Сондай-ақ, жауынгер Аққыз бен анасы көз алдында өлім жазасына кесілген Батығаның махаббат хикаясын да шебер көрсетеді. Кейіпкерлер табысқа жеткенше қиын сынақтарды жеңіп, өз өмірлерін тарихқа айналдырады. Қарап отырсақ, қарапайым қыздың өмірін түріктер әспеттеп, әсерлеп жеткізу арқылы бізге өздерін танытуда. Біздің елімізде есімі алтын әріптермен жазылған ержүрек, ақылды қыздар мен аналарымыз жетерлік. Олардың өмірін, ерлігін сериалға неге пайдаланбаққа деген ойға келемін. Бұрындары кішкентай кезімізде Оңтүстік Кореяның «Жумонг ханзада», «Өмірші әйел» атты фильмдерін жібермей көретін едік. Кішкентай болсақ та, таққа таласқан ханзадаларды, ел билеудің жолдарын, соғысу тәсілдерін білетінбіз. Кейіпкерлермен әртүрлі кезеңдерді басымыздан өткізіп, сериалдың басталар уақытын асыға күтетінбіз. Осы ретте киногерлер мен журналистердің айтқан ойларын назарларыңызға ұсынамын.

«Оңтүстік Корея, Жапония, Түркия секілді елдер өткен тарихын, мәдениетін, жаугершілік замандарын киноға айналдырып, көрерменге ұсынуда. Өйткені, қазіргі жұрт кітап оқымайды. Аяғы ішектей созылған кітаптан немесе қасаң тілмен жазылған ғылыми еңбектен гөрі, кино көрген әлдеқайда қызық әрі оңай. Осыны түсінген кәрістер мен түріктер өздерінің тарихын қалайда жастардың бойына сіңіру үшін киноны қолға алып, тарихын көздік экран арқылы ұлттың жадына құя бастады.

Тіпті, жырақта жатқан біз де сол елдердің тарихи киноларын көре отырып,



жанкешіті жапон самурайы қандай болатынын білдік, үркүді білмейтін жеңімпаз кәріс батырларын таныдық, түріктің Осман империясының өркендеуі мен құлдырауынан хабардар болдық. Содан болар, қазір біз сұлтан Сүлейманның туған-туысы, балашағасы, одан қалса құл-күндерінің аттарына дейін білеміз», – дейді журналист Айдын Олжаев.

Расымен-ақ, қазіргі уақытта еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін бәрінің қолында телефон. Қолымыз сәл босай қалса, назарымызды смартфонға саламыз. Бұрынғыдай кітап оқып, оқиғаның желісіне назар аударатын кездер де артта қалды. Театрға барудан да қалдық. Тіпті, бүгінде спектакльді смартфоннан тамашалай салатындардың қатары да жыл сайын артып келеді.

Технология қарыштап дамыған заманда сериалдың бас талуын күтіп жүретін, театрға барып жүретін кезең артта қалары сөзсіз. Осы ретте кинорежиссер Қалила Омаровтың соңғы уақытта түсірілген тарихи фильмдер жайлы жазған жазбасын мақаламызға арқау етейік.

«Біздің барлық киномызды көріп отырған сырткөз адам: «Осы қазақтар жоңғарлардан басқа ешкіммен соғыспаған ба?» деген ойға қалады. Өйткені, дүниеде жоқ, қытайдың ішіне сіңіп кеткен жоңғарды қалай қаласаң, солай түсіре бересің. Ешкім келіп сенен сұраныс жасамайды. Томирис патшайым туралы сериал түсіріп едік, Иран мемлекеті, Иран зиялы қауым өкілдері қаншама ойларын білдірді.

Яғни «біздің тарихымыз керемет, біз осындай болғанбыз» деп өтірік ұраншыл, ұлтшыл болып, шынайы тарихқа сәйкес келмейтін бағытта фильм жасағанымызбен, ол өзімізден басқа ешкімге керек болмайды. Сол Томиристің тағдырын ашқан киноға қаншама миллион ақша бөлінді? Қандай ықпалды адамдар үстінде тұр?.. Қай жерге барып түсірем, қалай түсірем, қай мезгілді күтем десе де, өз қолдарында еді. Томирисінің соғысы қай елдермен болды, оқиға қай елдер арасында өрбиді, сол ұлттардың да көзқарасын біліп, уәждеріне құлақ тұру керек еді. Фильмдегі өзге елдердің де тарихына қатысты детальдарды шынайы жасағанда, аталған фильм бізден гөрі соларға керемет әсер ететін еді. Оның бір мысалы бар. Қытайлар «Шыңғыс хан» туралы сериал түсірді емес пе? Қытайдың ақшасына жасалған кино. Ал ол ақшаның сыртында өте үлкен идеология тұр. Осы фильм алғаш шыққан кезде бүкіл қазақ теледидар алдында тапжылмай отырып көріп шықты ғой. Неліктен? Себебі, онда қазақ руларының тарихы, тұлғалардың аттары өзгертілмей берілгендіктен, сол заманның көрінісі барынша реалистік сипатта бейнеленгендіктен, қазақтардың өзі бұл сериалды қытайлардан да артық ынтымамен тамашалады. Әлем көрермендеріне жол тартар фильмде шынайылық болса, оған мықты суреткерлер асықпай керемет сценарий жазса, әбден пісіріліп барып ленталанса, біздің киногерлер де бірегей жетістікке жетер еді», – дейді кинорежиссер Қалила Омаров.

Десе де, соңғы уақытта отандық телеарналарымыздың бірінде ұлт қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Жұмабек Тәшенов, Қаныш Сәтбаев, Мұқағали Мақатаев, Мағжан Жұмабаев, Жәңгір хан мен Домалақ ананың өміріне арналған тарихи туындылар беріле бастаған еді. Аз ғана бөлімдерден тұрса да, сериал халықтың көңілінен шықты. Ұлы тұлғаларымыздың өмірінен хабар беріп, шығу тарихын ұсынған еді. Осы ретте сол кинолардың біріне сценарий жазған маманның бір пікірін назарларыңызға ұсынамын.

«Ресейдің тарихи киноларын қарап шықсаңыз, олар өз тарихының 70-80 пайызын қолдан жасап алғанын байқайсыз. Ал Америка өзінің тарихын әсірелеуден алдына жан салмайды. Қай мемлекетті алып қарасаңыз да, өзінің тарихын әсірелеп көрсетуге тырысады. Біздің тұлғаларымыз пенде болған соң, оның кемшілігін тұстары болады ғой. Біз оның бәрін кинода ашық көрсетілсе деп ойлаймыз. Бірақ негізі біз болашақ үшін жұмыс істеуіміз керек. Болашаққа жұмыс істеу үшін біздің тұлғаларымыздың азын-аулақ кемшілігін кеңіріп жіберуіміз керек. Егер ол алып бара жатқандай үлкен дүние болмаса, тарихтың алдында келешек ұрпақ білмейтіндей етіп ақырын ғана жойып жіберуіміз керек. Әрбір сценарист пен режиссердің мүддесі бар. Біздің туындымыз келешек ұрпаққа беріліп жатқан ой. Мағжанды жазған кезде ақынның аузына «Жасымыз 21-ге келді. Бірақ біз түк бітірген жоқпыз» деген сөзді тектен-тек салған жоқпын. Қазақ жастары ойлансын деген мақсатпен қостық. Осы тұрғыдан келгенде мен шынайылықтың болғанын қалаймын», – дейді сценарист Канат Рамазан.

Бәрі дұрыс. Бағыт бар. Шет елдің тарихи фильмдерін тамашалап жүрген режиссерлер алдағы уақытта көпшілік тамсана, таңдана қарайтын сериалдар түсіреді деген сенімдемін.

НЕ?


ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Мұзда сырғанау»

Өтетін орны: «Медеу» мұз айдыны.
Күні мен уақыты: 12 желтоқсан, 10.00-де басталып 21.00-ге дейін болады.
«МЕДЕУ» мұз айдынына келушілер міндетті:

1. Мұз айдынына қатысушылардың барлығына құрметпен қарауға;
2. Барлық қызметтерді www.medeu.kz ресми сайтында, сондай-ақ ресми серіктестердің ресурстарында тек онлайн төлеуге;
3. Кешеннің мүлкіне және жалға алынған жабдыққа ұқыпты қарауға;
4. Мұз жолында тек сағат тіліне қарсы жүруге.



«Қаш»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты: 13 желтоқсан, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Өндіріс елі: Қазақстан.
Режиссері: Райан Кутлер.
Басты рөлдерде: Еркебулан Дайыров, Оңдасын Бесікбасов, Исбек Әбілмәжіннов, Толғанай Талғат.

Жанр: фантастика, экшн, триллер.
Ұзақтығы: 1 сағат, 55 минут.
Жас бойынша шектеу: 16+.
Кинода: Фильмнің тарихы 30-шы жылдары, жаппай ұжымдастыру дәуірінде және осы кезеңнен кейінгі аштықта орын алады. Оқиғалардың орталығында қабір қазушы Исатай тұр, оның алдында таңдау қиын болады.



«Шам Әуен»

Өтетін орны: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы.
20.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. 3-орын үшін ойын. Тікелей трансляция
23.00 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
0.00 Көңілді тапқырлар алаңы.
1.15 «Зинһар»
2.00 «Тіршілік»
2.35 «Күміс көмей»
3.20 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Өзбекстан Республикасының мәдениет күндері»
08.00 Мегахит «Финансовый монстр»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 Документальный фильм. «Алаш – история степного интернационала»
11.10 Деректі фильм. «Кісен ашқан»
12.00 «Дарын»
13.00 Тұсаукесер! Телесериал марафоны. «Мәншүк»
15.00 Телехикая марафоны. «Шах сарайының құпиялары»
16.45 «Алаш ақтандақтары»
17.30 Айтыс. «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Бесбаевпен «Covershow»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық бағдарламасы

21.40 Концерт. «Тәуелсіздік – ел ұраны»
23.15 Мегахит. «3 дня на убийство»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.10 КИНО. Раджив Капур в драме «Ганг, твои воды замутились»
09.20 Программа «Көмектесейік»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 «Алдараспан»
12.00 КИНО. Нұрлан Қоянбаев в комедии «Каникулы в Тайланде»
14.00 Анимационный фильм «Потерянное звено»
16.00 Анимационный фильм «Семейка Аддамс»
18.00 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек 2» (повтор)
20.40 КИНО. Крис Хемсворт в фантастическом боевике «Люди в черном. Интернэшнл»
23.00 «Bizdin show»
01.00 «31 әзіл»
01.30 What's up?
02.30 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.40 «ПОЕХАЛИ!»
9.35 «ПРОУЮТ»
10.35 Полина Пушкарук, Виктория Лобачева, Андрей Астраханцев в фильме «Я НЕ ВЕРНУСЬ»
12.40 Александр Петров, Александр Яценко, Виктор Добронравов в фильме «СТРЕЛЫЦОВ»
14.45 Артур Логай, Пётр Рыков, Анастасия Иванова, Дарья Легейда в фильме «СЕМЕЙНЫЙ ПОРТРЕТ»
18.30 «АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19.00 ПРЕМЬЕРА СЕЗОНА! «Х ФАКТОР». Девятый сезон
20.45 Премьера. Кирилл Жандаров, Дана Абызова в многосерийном фильме «ДОКТОР ИВАНОВ. МАТЬ И СЫН»
0.25 Ночной кинотеатр. Сергей Гармаш, Алёна Михайлова в фильме «ЛЮБИ ИХ ВСЕХ»
2.10 «П@УТИНА» бағдарламасы
2.55 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.25 «ҰШҚАЛАҚ» бағдарламасы
До 4.40



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Jaidarman
08.20 Т/п «Құтты қонақ»
08.50 Т/п «Орёл и решка»
10.00 Х/с «Проклятье брачного договора»
14.00 Х/ф «Свадьба на троих»
16.10 «Шаншар 25 жыл»
21.00 Шоу «Маска»
00.40 Т/п «Құтты қонақ»
01.10 Jaidarman
02.40 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Тамаша»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу
07.50 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
08.50 «КТКweb»
09.10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.50 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.00 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН», деректі фильм. Тұсаукесер!
11.40 «НЕПРЕКРАСНАЯ ЛЕДИ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (худ.сериал)
17.10 «УСПЕТЬ ВСЕ ИСПРАВИТЬ», мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ТРИ ЦВЕТА ЛЮБВИ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
00.50 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
01.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (худ.сериал) (қайталау)
02.50 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
03.45-
04.30 «OZAT OTBASЫ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. КХЛ. «Автомобилист» (Екатеринбург) – «Барыс» (Астана)
09.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Хорватия – Бельгия
11.35 FIFA QATAR 2022. 1/2 финал матчының шолуы
11.50 ФУТЗАЛ. Лига Чемпионов УЕФА. Элитный раунд. «Қайрат» (Қазақстан) – «Бенфика» (Португалия)
13.30 FIFA QATAR 2022. Журнал. (8 шығарылым)
14.00 ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. (Мужчины, Женщины). Тікелей эфир
14.40 ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. (Мужчины, Женщины). Тікелей эфир
15.45 ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. (Мужчины, Женщины). Тікелей эфир
17.30 ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. (Мужчины, Женщины). Тікелей эфир
18.00 БАСКЕТБОЛ. ВТБ «Парма» (Пермь) – «Астана». Прямой эфир
20.05 FIFA QATAR 2022. 1/2 финал матчының шолуы
20.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Матч қарсаңында. Студиялық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Үшінші орын үшін матч. Тікелей эфир
23.10 FIFA QATAR 2022. 1/2 финал матчының шолуы
23.25 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Үшінші орын үшін матч
01.45 FIFA QATAR 2022. Үшінші орын үшін матчының шолуы
02.00 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны

7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
8.30 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
8.55 Анимация. Отандық / «Менің елім»
9.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары» ситком
9.30 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
10.00 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.05 «Үйшіктер» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.45 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
11.10 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
11.20 «Найзағай мысық пен сиқырлы үй»
Толықметражды мультфильм.
12.45 «Винкстер клубы» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық / «Ежелгі қалаларға саяхат»
13.45 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Бабалар ізі»
14.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-танымдық бағдарлама
15.10 Анимация. Отандық / «Күшік»
15.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
15.55 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
16.10 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
16.25 «А4»-ситком.
16.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Бөпе»
17.05 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық / «Жібек»
17.30 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
17.40 «Расулдың хикаялары» ситком
18.10 Анимация. Отандық / «Менің елім»
18.20 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.35 «Үйшіктер» Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
19.35 Анимация. Отандық / «Сәби»
19.50 Анимация. Отандық / «Көжектер»
20.10 «Найзағай мысық пен сиқырлы үй»

Толықметражды мультфильм.
21.40 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.05 «Үздік қойылым»-телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
12.00 Әбдіжаппар Әлқожа «Original» концерті
13.40 «Казахское Ханство. Алмазный меч» Худ.фильм
16.50 «Ангел-хранитель» телехикаясы
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.45 «Әр жылдың өз жаңа жылы бар!» Концерт
02.00 «Көрү керек!» бағдарламасы



TALIMTV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің Анам Әкем
09.50 Саулықтың сыры
10.10 Жүйріктер – мультфильм
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 «Ойлан» – қысқа метражды фильм
14.10 Дара тіл
14.30 По душам
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Жанұя» – көркем фильм
16.30 Көкпаршы
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Views
18.20 Саммари 100 кітап
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
20.00 25-сағат
21.00 Қазақтың Мұхамеджаны 1-бөлім
22.10 Қазақтың Мұхамеджаны 2-бөлім
23.30 Айтыс Strike



«АЙТЫС».

«Алматы» арнасы. Сағат 20.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
18 ЖЕЛТОҚСАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Балалар кино клубы
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 IQ Almaty
12.00 Сәлем, Алматы!
12.35 Тұсаукесер! Айтыс.
Біржан-Сара ізімен
13.50 ТҰСАУКЕСЕР!
Ана мен бала
14.30 Алматинские истории
15.00 Женский кино клуб
19.00 Телехикая. «Ұлы
Селжүктер» 98 серия
20.00 Телехикая. «Ұлы
Селжүктер» 99 серия
21.00 Арнайы жоба. Анықtime
21.15 Д/ф. Тарихтағы ұлы
спортшылар 6-бөлім
22.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Няня. Бизнес по-
кыздарски» 11 серия
23.00 Мужское кино.
1.00 Бақытты отбасы
(қайталау)
1.30 Алматы тұнған тарих
1.55 Алматинские истории
2.20 Алматы кеші
3.10 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Күй-керуен»
7.00 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
7.50 «Көңіл толқыны»
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.40 «Өндер мен жылдар».
Концерт
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая.
12.00 «Міржақып. Оян,
қазақ!». Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2022 ж.)
(с субтитрами)
15.00 «Ән мен әнші»
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ».
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама. Тікелей
эфир
20.30 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022. Тікелей
эфир. (Студиялық
бағдарлама.)
20.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022. ФИНАЛ.
Тікелей трансляция
ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022. Тікелей
эфир. (Студиялық
бағдарлама)
23.00 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA
QATAR 2022. Тікелей
эфир. (Студиялық
бағдарлама)
0.00 Футбол. Әлем
чемпионаты. FIFA QATAR
2022. Финал. (қайталау)
2.10 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама
3.00 «Aqsaуut».
3.20 «Күй-керуен»
3.50 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Қырғызстан
Республикасының
мәдениет күндері»
08.00 Мегахит. «3 дня на
убийство»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.25 «Әке бақыты»
12.20 «Балақай»
13.00 Тұсаукесер! Телесериал
марафоны. «Мәншүк»
15.00 Телехикая марафоны.
«Шах сарайының
құпиялары»
17.00 Деректі фильм.
«Бибігүл Төлегенова»

17.30 «Жеті қазына»
мега шоуы
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 Мегахит. «Иностранец»
00.00 «Культурный контекст»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 КИНО. Шабана Азми в
драме «Истинная связь»
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм
«Питер Пэн. В поисках
магической книги»
(повтор)
12.00 Анимационный фильм
«Потерянное звено»
(повтор)
14.00 КИНО. Робин Уильямс в
фэнтези «Джуманджи»
(повтор)
16.2 КИНО. Крис Хемсворт
в фантастическом
боевике «Люди в
чёрном. Интернэшнл»
(повтор)
18.50 КИНО. Джейсон
Стэйтем в боевике
«Механик» (повтор)
20.50 КИНО. Том Хэнкс в
триллере «Инферно»
23.20 «Алдараспан»
01.20 Тамаша live
02.00 What's up?
02.30 «31 әзіл»
03.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.20 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.20 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
8.30 НАШИ ЛЮБИМЫЕ
КОМЕДИИ. «НЕ ХОЧУ
ЖЕНИТЬСЯ!»
10.10 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
11.00 «QAYMAK»
11.35 «ДОКТОР ИВАНОВ.
МАТЬ И СЫН»
Многосерийный фильм
15.15 «X FACTOR».
Девятый сезон
17.00 Владимир Жеребцов,
Мария Машкова в
фильме «СЕДЬМОЙ
ЛЕПЕСТОК»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Премьера.
Максим Самчик,
Анастасия Иванова в
многосерийном фильме
«СОЛЕННЫЙ ПОЦЕЛУЙ»
1.00 «ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ
СТРАНОЙ»
2.45 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.15 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 4.40



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Сәлем, Қазақстан!
Жұлдызды жұп
08.20 Т/п «Құтты қонақ»
08.50 Т/п «Регион+1»
09.45 Т/п «Смеяться
разрешается»
11.45 Х/ф «Свадьба на троих»
14.00 Х/ф «Жена – не стена»
15.50 Алдараспан
20.00 Х/с «Все равно тебя
дождусь»
00.30 Т/п «Құтты қонақ»
01.10 Сәлем, Қазақстан!
Жұлдызды жұп

02.25 Jaidarman
03.10 Т/х «Япырай»
04.10 Т/п «Тамаша»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBASY»,
ток-шоу
07.50 «ТОҒЖАН», отандық
телехикаясы. С
субтитрами на русском
09.00 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.30 «ТРИ ЦВЕТА ЛЮБВИ»,
мелодрама
(повтор)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ»,
өзбек телехикаясы
(худ.сериал)
17.10 «ПОЧТИ ВСЯ ПРАВДА»,
мелодрама
(худ.сериал)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ЛИЧНЫЕ СЧЕТЫ»,
мелодрама (худ.фильм)
00.00 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
00.40 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
(повтор)
02.20 «ТОҒЖАН», отандық
телехикаясы. С
субтитрами на русском
03.15 «OZAT OTBASY»
(қайталау)
04.00-
04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. Кубок Дэвиса.
Финал
09.00 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты. Үшінші
орын үшін матч
11.20 FIFA QATAR 2022. Үшінші
орын үшін матчтың
шолуы
11.35 БАСКЕТБОЛ. ВТБ
«Зенит» (Санкт-
Петербург) – «Астана»
13.30 FIFA QATAR 2022.
Журнал. (9 шығарылым)
14.00 ШОРТ-ТРЕК. Кубок
Мира. (Мужчины,
Женщины). Тікелей
эфир
14.55 FIFA QATAR 2022. Үшінші
орын үшін матчтың
шолуы
15.10 ШОРТ-ТРЕК. Кубок
Мира. (Мужчины,
Женщины). Тікелей
эфир
15.45 FIFA QATAR 2022. 1/2
финал матчтың шолуы
16.00 ШОРТ-ТРЕК. Кубок
Мира. (Мужчины,
Женщины). Тікелей
эфир
17.15 ШОРТ-ТРЕК. Кубок
Мира. (Мужчины,
Женщины). Тікелей
эфир
17.55 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты.
Жапония – Испания
20.05 FIFA QATAR 2022. Үшінші
орын үшін матчтың
шолуы
20.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR
2022. Матч қарсаңында.
Студиялық бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты. Финал.
Тікелей эфир
23.10 ФУТБОЛ. Итоги матча.
Студийная программа.
Прямой эфир
23.40 ФУТБОЛ. FIFA QA-
TAR 2022. Әлем
Чемпионаты. Финал
02.00 FIFA QATAR 2022.
Финал матчтың
шолуы
02.15 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
Анимация. Отандық /
«Еркетай»
7.05 «Супер әке» Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Көжектер»
8.30 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
Анимация. Отандық /
«Менің елім»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары»
ситком
9.30 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
10.00 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.05 «Үйшіктер» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 «Білім бейгесі» оқу-
танымдық бағдарлама
11.20 «Мьон. Ай қорғаушысы»
Толықметражды
мультфильм.
12.45 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
13.25 Анимация. Отандық
/ «Ежелгі қалаларға
саяхат»
13.45 «Қос алқа» музыкалық-
танымдық бағдарлама
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Бабалар ізі»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 Анимация. Отандық /
«Күшік»
15.15 Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
15.55 «Күмбір live» танымдық
бағдарлама.
16.10 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Тұсаукесер! Анимация.
Отандық / «Бөпе»
17.05 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық /
«Жібек»
17.30 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Үйшіктер»
Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық /
«Еркетай»
19.35 Анимация. Отандық /
«Сәби»
19.50 Анимация.
Отандық /
«Көжектер»

20.10 «Мьон. Ай қорғаушысы»
Толықметражды
мультфильм.
21.40 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
22.25 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Үздік
қойылым»телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдыздар айтысады»
14.00 «Өр жылдың өз жаңа
жылы бар!» Концерт
16:20 «Осторожно, корова!»
Худ.фильм
19.10 «Я – пышка»
Худ.фильм
21.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2»
үнді телехикаясы
23.45 «Айнұрдың арманы»
телехикаясы
02.30 «Көру керек!»
бағдарламасы



TALIMTV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.50 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Фибратты ғұмырлар
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Ұлт саулығы
15.00 ТамашаLike
16.00 YouTube Times
17.00 Саулықтың сыры
18.00 Қышқыл-мысқыл
18.30 «Бабалар сөзі –
өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Пруст сауалнамасы
20.00 «Бір дубль»
21.10 Шымкентский вариант –
қысқа метражды фильм
21.40 Бақытты отбасы
22.00 Руханият
22.30 Балалық шаққа саяхат
23.00 Views

«Бибігүл Төлегенова». Деректі фильм.
«Хабар» арнасы. Сағат 17.00-де.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



«ҚАЗАҚТЫ ЖАМАНДАМА, ҚАЗАҚ БАЛА, Қазақтың жанашыры – қазақ қана...»

Әлеуметтік желілерде «қазақпыз ғой» деп әзіл-сықақ бейнежазба салатын адамдар көбейіп кетті. Олардың бейнесіндегі қазақ қыз-жігіттері қайда барса кешігіп жүреді, екі сөздің бірінде боқтап, әрдайым пара беруге дайын тұрады.



Досбол
АТАЖАН

Халқымызда «Болар елдің баласы бірін-бірі «батыр» дейді, болмас елдің баласы бірін-бірі «қатын» дейді» деген сөз бар. Бүгінде бұл сөздердің мән-мағынасына кей азаматтарымыз жете мән бермейтін секілді. Өйткені, арзан атақ үшін өз елін мазақ қылатындар көбейіп барады. Ондай әзіл-сықақ бейнежазбалардың басты ұраны – «қазақпыз ғой». Ұлт атын жамыландыратын көбіне халқымызды теріс тұсынан көрсетеді: жол ережесін бұзады да, полиция қызметкеріне ұсталса, «қазақпыз ғой» деп пара беріп, мәселесін шешіп кетеді. Келесі бірінде «қазақпыз ғой» деп, баратын жеріне әдейі кешігіп барады. Әлеуметтік желілерде тараған мұндай бейнежазбалар ішіндегі ең сорақысы – әр елдердің амандасу тәсілін көрсетіп, біздің халқымызға келгенде, шала қазақша боқтық сөзбен сәлемдесіп, оны қалыпты жағдай ретінде көрсетеді.



Қазір әлеуметтік желілердің қуаты күшті. Онда көрсетілген әр бейне, әр әдеп көрермендердің, әсіресе, жастардың ой-санасына сіңіп қалады. Сондай-ақ, ел ішінде ғана емес, халықаралық қауымның алдында ұлттық образды қалыптастырады. Ал айтылған орынсыз әзіл-сықақ бейнежазбаларды қазақ имиджіне жасалған қастандық деп айтуға болады.



«Борат» фильмінің көлеңкесінен құтылдық па дегенде, осындай әзілдерге еліктеген шетел азаматтары да бізді мазақ қыла бастады. Осы тұста ерекшелік ресейлік блогерлерді атап өтейік. Қазір геосаяси жағдайға байланысты Қазақстанға көшкен көрші ел азаматтары «қазақпыз ғой» деп сайрап, осындай вайн, тик-ток видеолар түсіріп жатыр. Ең өкініштісі, оларға жол көрсетіп отырған өзіміз.

Таяуда Катарда өтіп жатқан Әлем чемпионатында жапон жанкүйерлерінің ойын аяқталған соң, өз арттарынан қоқысты толық жинап кеткен видеосы тарады. Оған бүкіл әлем тамсанып, «не деген тәрбиелі халық» деген пікір қалдырды. Жапон халқы өзге елде жүрсе де, өз ісімен жалпы жұрттың имиджін көтеруді ойлайды. Ал біз өз ішімізде отырып, өзімізді төмен түсіргенімізді түсінбейміз.

Жалпы, әлеуметтік желілерде ұлтымыз туралы қандай пікірлер айтылып жатыр? «Қазақпыз ғой» тіркесінің қасында, «қазақтар қой аузынан шөп алмас момын болған», «қазақтар баяғыдан жалқау» деген де теріс сөздер еріп жүр. Тіпті, ұлтымыздың қонақ-жайлылығын асыра сілтейтіндер де табылады. Құдайы қонақты көшеде қалдырмаған халқымыз оны төріне отырғызса да, мойнына мінгізбеген. Кей азаматтарымыз осы бір шындықты ұмытқан не әлдекімдерге жағымпазданумен әлек. Енді бірде «казах без понтов, безпонтовый казах» деген сөз шықты. Бұл сөзді қостап айтып, оны ғаламторда таратып, құп көретіндер де табыла кетті.

Әрине, осындай мәтіндерге ұқсас бейнежазба жариялаған адамдардың бәрі өз ұлтына жамандық тіледі деп айта алмаймыз. Дегенмен, білместіктен не мұндай ісінің залалын түсінбей істегендер болса, оларға қателігін көрсету әрбіріміздің міндетіміз. Тіпті, ешкіммен сөзге келіп жатқымыз келмесе, ондай жарияланымдарға лайк басып қолдауды, көрінген жерде «ой, қазақпыз» деп айтуды қою қажет. Оның орнына жақсы істің басында, жақсы кісінің қасында «қазақсың, қазақпын, қазақпыз» деп кеуде соғайық. Түптеп келгенде, әр азаматымыз ұлт атын жамылғанда өзіне қандай жауапкершілік артылатынын түсінгені дұрыс.

ТҮЙІН:

Әлем халқының саны 8 млрд-қа жетті. Оның ішінде 20 миллионға жетпейтін халқымызды өзіміз алға тартпағанда, өзіміз мақтан тұтпағанда, өзгеден қайыр күту бекер. Осы тұста Күләш Ахметованың мына бір шумағы ойға оралады:

**Қазақты жамандама, қазақ бала,
Халық қой, қазақ деген аз-ақ қана.
Мәңгілік ай астында, жер үстінде,
Қазақтың жанашыры – қазақ қана...**

КӨРМЕ

Әлем бейнесі

Әбілхан Қастеев атындағы
ҚР Мемлекеттік өнер музейінде
қоғам қайраткерлері Даут
Шайхисламов пен Дана
Орманбаеваның бастамасымен
«World Painting» халықаралық
әлеуметтік арт-жобасы аясында
көрме ұйымдастырылды.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Экспозицияда әлемнің 193-тен астам елінен 2020-дан астам адам жасаған ауқымды кескіндемесі және Қазақстанның өнер классиктері мен шеберлерінің 80-нен астам туындылары ұсынылды.

«World Painting» – ЕХРО–2020 дүниежүзілік көрмесі 2020 жылғы 28 қазанда басталған Халықаралық әлеуметтік арт-жоба. «Әлем бейнесі» кенептерін сурет, символ, штрих, өзі туралы, өз жері туралы әртүрлі елдердің өкілдері жасаған фрагменттердің мозаикасына үңілу арқылы көруге болады.



Бұл әлеуметтік өнер жобасына планетаның қарапайым тұрғындары да, танымал адамдар да: Голливуд актерлері, режиссерлар, музыканттар, әлемдік спорт жұлдыздары, қоғам қайраткерлері қатысты.

«Бұл аталмыш жоба Гиннестің әлемдік рекордын орнатты, оны жасауға ең көп суретші қатысқан. Кенептің өлшемі параметрлері 1 метр 27 сантиметрден 4 метрге дейін Жер шарының масштабында кішірейтілген. Бұл туындының көшірмесі халықаралық ғарыш станциясында болды», – дейді ұйымдастырушылар.

2022 жылдың қыркүйегінде Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінде «Әлем бейнесінің» алғашқы тұсаукесері өтті, сол кезде БҰҰ-ның 76-шы Ассамблеясының Бас төрағасы Абдулла Шахид те кенепте өз қолтаңбасын қалдырды.

«Біздің әлеміміз «World Painting-те» ұсынылғандай, оны біздің үлкен планетамыздың түкпір-түкпіріндегі адамдар жасаған, ол өте жарқын, ерекше, қайталанбас, шексіз, ауқымды. Шығармашылық, махаббат және өзара түсіністік үшін ешқандай шектеулер мен кедергілер жоқ. Ең бастысы – бір бағытта ойлау», – деп атап өтті идея авторы Даут Шайхисламов.

Экспозицияның екінші бөлімі Ғалия Жүнісалиеваның жеке коллекциясындағы Қазақстан шеберлерінің, германист, ГФР «Bundesverdienstkreuz» орденінің иегері, кәсіпкердің бейнелеу өнері туындыларымен ұсынылған. Бұған негізінен 80-ші және 2000-жылдардың басындағы туындылар қойылды.

«XX ғасырдың көрнекті талантты кескіндеме шеберлерінің еңбектері қойылған «World Painting» ұжымдық әлемдік арт-ой жауһары жер бетіндегі барлық адамдардың болашағының үлгісі ретінде бітімгершілік пен жақсы серіктестікті айқын бейнелейді», – деп атап өтті Ғалия Жүнісалиева.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «World Painting (Әлем бейнесі)» – бұл планетаның барлық тұрғындары, нәсіліне, көзінің қиығына, дініне және тұрғылықты жеріне қарамастан, жер бетінде үйлесімді, келісімді және бейбіт өмір сүруді армандайтынының айқын дәлелі.



● ДАНАЛЫҚ ӘЛІППЕСІ

АТА-БАБАДАН ҚАЛҒАН 5 ӨСИЕТ

1. Орынсыз өтірік айтпа, өтірік – несібенді жеп қояды;
2. Ішімдік ішпе, ішімдік – сауапты жеп қояды;
3. Басыма іс түсті деп қайғырма, қайғы – өміріңді жеп қояды;
4. Садақа бер, садақа – бәле-жәлені жеп қояды;
5. Әр нәрсеге қанағат қыл, қанағат – күнәні жеп қояды.



● НАҚЫЛ СӨЗДЕР

БАБАЛАР СӨЗІ – ДАНАЛЫҚ КӨЗІ



*Әр жағдайды айтпа, қадірсіз боласың,
Барлығына сене берме, жолда қаласың.
Әр құпияны ашпа, жалғыз қаласың.*

Әбу Насыр әл-ФАРАБИ.

*Аллаға сенген құстай ұшады,
Атына сенген мұрттай ұшады.*

БАЛПЫҚ БИ.

*Ойыңа ие бол – ой сөзіңе айналады,
Сөзіңе ие бол – сөз ісіңе айналады.
Ісіңе ие бол – іс әдетке айналады,
Әдетіңе ие бол – әдет мінезге айналады!*

Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ.

● КЕРЕК ДЕРЕК

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЖЕТІ АТАҒА ДЕЙІН ҚАЛАЙ ЖҮЙЕЛЕНЕДІ?

Баланың әкесі – Әке.
Әкенің әкесі – Ата.
Атаның әкесі – Арғы ата.
Арғы атаның әкесі – Баба.
Бабаның әкесі – Түп ата.
Түп атаның әкесі – Тек ата.
Тек атаның әкесі – Тектін.
Тектінің әкесі – Теркін.
Теркінің әкесі – Тұқиян.
Тұқиянның әкесі – Түп Тұқиян.
Ұлдың баласы – бала.
Ұлдың ұлы – немере.
Немеренің ұлы – шөбере.
Шөберенің ұлы – немене.
Немененің ұлы – шөпшек.
Шөпшектің ұлы – туажат.
Туажаттың ұлы – жүрежат.



Жүрежаттың ұлы – жекжат.
Жекжаттың ұлы – жұрағат.
Жұрағаттың ұлы – жамағат.
Жамағаттың ұлы – өркен.
Өркеннің ұлы – әулет.
Әулеттің ұлы – заузат.
Заузаттың ұлы – жаран.
Жаранның ұлы – қалыс.
Қалыстың ұлы – әлде қалыс.
Қыздың баласы – жиен.
Жиеннің баласы – жиеншар.
Жиеншардың баласы – дегеншар.
Дегеншардың баласы – көгеншар.
Көгеншардың баласы – көбеншар.
Көбеншардың баласы – тебеншар.
Тебеншардың баласы – қаймана.

● ГИБРАТНАМА

БОЛАШАҚҚА ҮРЕЙМЕН ЕМЕС, ҮМІТПЕН ҚАРАУ ҚАЖЕТ



- * Жақсылықты жақсы адам ғана бағалай біледі.
- * Жүрегі таза, ниеті дұрыс адам еш уақыт өзгеден кір іздемейді.
- * Кешірімді кісі ғана ірі адамға айналады. Өйткені, оның жүрегі кең, өрісі биік!
- * Бірінші болып кешірім сұрау – әлсіздікті білдірмейді.
- * Кішірею дегеніміз – төмендеу емес.
- * Адамның кемшілігіне қарамай сыйласа білу – нағыз адамдықтың белгісі.
- * Егер жақсы өмір сүргің келсе жақсы адамдарды ізде, ал жақсы адам тапқың келсе жақсы сөйлеп жақсылық жаса.
- * Адалдық дегеніміз ешкімге қиянат жасамай, таза еңбекпен күн көру.
- * Басқалардың бақытына қуана білетін адам бір күні өзі де бақытқа жетеді.
- * Сыйластық пен адалдық бар жерде үлкен махаббат пен шайқалмас шаңырақ орнығады.
- * Ешқашан біреуді қарғап сілеменіз, бұл – өте жаман қасиет.
- * Ешқашан ешкімді қызғанбаңыз, Алла ризықты әркімге әрқалай нәсіп етеді.
- * Адам қызғаныштан тез қартайды, реніштен ауру пайда болады, ашушаң адам жүдегіш келеді.
- * Ниет тілден емес, жүректен шығуы керек.
- * Жүрек – мейірім мен махаббатың мекені.
- * Адамды тәрбиелейтін қаталдық емес – мейірім.
- * Ұйықтар алдында бәрін кешіріп, таза жүрекпен ұйықтаңыз.
- * Кімде-кім көрсеткен құрметі үшін құрметтеледі.
- * Қадірің – таптырмас байлығың, сондықтан қадіріңді кетірме.
- * Кімнің кім екенін басыңа іс түскенде білесің.
- * Жастар үлкендер алдында, үлкендер жастар алдында өздерін әдепті ұстағандары жөн.
- * Әйелің ақылды болса – ағайын тыныш, күйеуің ақылды болса – жаның тыныш. Қызың ақылды болса – ауыл тыныш, көршің ақылды болса – көшең тыныш. Келінің ақылды болса – екі ел тыныш. Ұлың ақылды болса – әлем тыныш.
- * Өткенді өкіну үшін емес, сабақ алу үшін еске алу керек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: ашық интернет көздерінен алынды).



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №4/517-609 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №10/23 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- Жолды ұйымдастыру үшін Бекзакір Қуралбаевтың Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Брюсов көшесі, 4/35 үй мекенжайы бойынша орналасқан кадастрлық нөмірі 20-314-066-107 (20-314-066-107), жалпы ауданы 0,2101 га жер учаскесінің ауданы 0,0306 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №4/517-610 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №10 қорытындысының және Алматы қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 11 тамыздағы қаулысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және қоталдандыру) Алтай Әлжанұлының Алматы қаласы, Алауа ауданы, Райымбек даңғылы, 481 Г мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы –0,1858 га (кадастрлық нөмірі 20-321-060-290) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №4/517-611 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаске бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдтегі №3/18 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

- Сүмен жабылғы және су бұру желілерін дамыту, ағылды суларды айдау станциясының құрылысы үшін «Бұркет-Хако» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Алауа ауданы, «Шпагат» шағынауданы, Шошеней көшесі, 78 Б мекенжайы бойынша орналасқан кадастрлық нөмірі 20-321-017-207), жалпы ауданы – 0,0337 га жер учаскесінен, ауданы – 0,2891 га жер учаске бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаске бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесі бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №4/517-612 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-448 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №3/314-448 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін: аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын: «1. Емхана құрылысы үшін Гафура Нуртазасвна Ибраеваның Алматы қаласының Әуезов ауданындағы «Қуаныш» шағынауданы, 14/1 үй мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы – 1,2360 га жер учаскесінің ауданы 0,5000 га бөлігін (кадастрлық нөмірі 20-312-060-378) мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қауылдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №4/517-613 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №3/314-519 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №3/314-519 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

2	Ниязов Бахт Булатович	20-311-018-168	Жамбыл көшесі, 49 Б үй	жалпы – 0,1087, үлесі – 0,027175
---	-----------------------	----------------	------------------------	----------------------------------

». 2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қауылдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Күрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, күрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

Хабарлама

кезектен тыс жалпы жиналыс өткізу туралы «Таулы Аспан» тұрғын үй-құрылыс кооперативі

Алматы қаласы 2022 жылдың 1 желтоқсаны 2022 жылғы 31 қазан атқарушы органға – «Таулы Аспан» тұрғын үй-құрылыс кооперативінің басқармасына БСН 121140021637 «Таулы Аспан» тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап жолданды. Менің талабым еленбеді.

Баяндалғанның негізінде, «Таулы Аспан» тұрғын үй-құрылыс кооперативі жарғысының 64-тармағы мен 70-тармағына сәйкес БСН 121140021637, мен, Москалева Анна Владимировна – пайы 24%-дан асатын кооператив мүшесі – жарғыда белгіленген «Вечерний Алматы» газетінде хабарландыру жариялау арқылы «Таулы Аспан» тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырамын.

Жиналыс 2022 жылғы 26 желтоқсанда, сағат 10.30-да, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 15, к4В, 2102 кеңсесінде өтеді.

Тіркеудің басталу уақыты – 10.00, тіркеудің аяқталу уақыты – 10.30.

Жалпы жиналыстың күн тәртібі:

1. Кооперативтің Қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп.

2. Кондоминиумды тіркеу туралы.

3. Кооперативті тарату немесе оның жарғысын Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м. а. 03.04.2020 жылғы №180 бұйрығымен бекітілген «ЕО тұрғын үй-құрылыс кооперативінің қызметін ұйымдастыру Қағидаларының» талаптарына сәйкес келтіру туралы (рег. ҚР Әділет министрлігінде 09.04.2020 ж. №20346).

4. Жеке-дара атқарушы орган басшысының өкілеттігін тоқтату және аталған лауазымға жаңа адамды сайлау туралы.

5. Москалева А.В.-ның тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үлес салмағынан «Таулы Аспан» тұрғын үй-құрылыс кооперативінің жалпы үлестік массасының 25 пайызы мөлшерінде бөлу туралы.

Талқылау және шешім қабылдау үшін жалпы жиналысқа ұсынылатын құжаттардың тізбесі:

1. Басқарманы жалпы жиналысқа кооперативтің Қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп беруге міндеттеймін;

Байланыс үшін телефондар: +7 771 448 53 78, madi_lawyer@mail.ru

Құрметпен,

Москалева А.В. өкілі

01.12.2022 ж. сенімхат негізінде

ОСПАНОВ М.Т.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының құрамы

Орталығы: «Алматы қаласы шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Төле би көшесі, 67, 502-ші, 503-ші каб., тел.: 236-21-77.

Төрағасы – Калыкова Айгуль Оразовна, **төраға орынбасары** – Туматов Асет Акжанович, **хатшы** – Тегисов Азамат Рашидович, **комиссия мүшелері** – Омарғалиева Тана Дуйсеновна, Садыков Бакытжан Шынарбаевич, Яковлева Надежда Николаевна.

Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктері Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, философия ғылымының кандидаты

Владимир Васильевич ПРИМИННИҚ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.



ХОББИ

Қазақ үшін жылқы – қасиетті жануар. «Ер қанаты – ат» деп білетін халқымыздың ұғымында арғымақ – көшпелі өркениеттің басты символы. Қазіргі технология заманында ат спортымен айналысатындар аса көп емес. Көшпелі халықтың ұрпақтары атқа мінуді білмейді деген қисынсыздау болғанымен, бүгінде атқа міну адамдар жиі айналысатын спорт түрі деп те айта алмаймыз. Мамандардың айтуынша, бұл отандық спорт үшін үлкен сын.

Дегенмен, Алматыда ат клубтары мен ипподромдар жоқ емес, онда өз істерінің мамандары атқа мінуді үйренгісі келетін кез келген жанды ат үстінде сенімді отыруды, желуді, шабуды үйрете алады. Осындай ат клубтарының бірі – «Nomad». Осы клубта соңғы екі жарым жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан белгілі каскадер Саламат Сағынғали бала кезінен жылқыға құмар болған екен.

– Мен жылқыларды өте қатты жақсы көремін, ес білгелі жылқылармен жұмыс істеп келемін. Туған ағам шабандоз, осы іспен айналысуды маған ағам ұсынды. Әр каска-


дердің өзі жақсы көретін аты болады. Менің жанымға жақыны – Четкий есімді жылқы, оның мінезі нағыз спортшыныкіндей, өзінің ерекшелігі де осы.

Ат клубында 30-ға жуық жылқы бар. Цезарь, Ақжал, Көкжал, Токио, Максимус, Вавилон, Айқын, Сұлтан, Идальго секілді аттары да ерекше. Саламаттың айтуынша, жылқыларға каскадерлердің өздері ат қояды.

Атбегі, каскадер Саламат атқа мініп үйрену үшін неден бастау керектігі туралы кеңесімен бөлісті.

– Ең алдымен өзіңіз мінетін атпен танысып, оны сипап, алма, сәбіз беріп, көңілін аулау керек. Сонда жылқы адамға сене бастайды. Атқа мінерде алдымен сол аяқты үзеңгіге мықтап бекітіп, жылқының сол жағынан міну керек. Бірақ қолдағы жүгенді жіберуге болмайды, әйтпесе ат орнынан қозғалып кетуі мүмкін. Шабандоз ер-тоқымға мықтап отырғаннан кейін аяқтарының ұшы үзеңгіге тірелуі тиіс. Жүгенді жібермей, атты үнемі өз бақылауында ұстауы керек, – дейді маман.

Каскадердің айтуынша, атқа мінуді үйренгісі келетін адамдардың ең жиі жіберетін қателігі, олар алғаш жылқымен танысқан кезде одан қорқады. Егер жылқы адамның қорыққанын сезсе, оған бағынбай, тіпті лақтырып та кетеді. Сондықтан жылқыны сипап,



«Almaty akshamy» газетін ат үстінде оқитын ару

онымен сөйлесу керек. Сонда ғана арада сенімділік орнайды. Ең алдымен атқа мініп үйренуші қарапайым қадамдар жасауды, со-

дан кейін жайлап желуді үйренеді. Атқа міну үшін жайлы аяқкім киген абзал.

Айнұр СЕНБАЕВА.

**Футболдан әлем -
Чемпионаты – 2022**

Финал

ПЛЕЙ-ОФФ

1/8 финал

Нидерланд – АҚШ	ЕСЕП 3:1
Аргентина – Австралия	ЕСЕП 2:1
Жапония – Хорватия	ЕСЕП 1:3
Бразилия – О. Корея	ЕСЕП 4:1
Англия – Сенегал	ЕСЕП 3:0
Франция – Польша	ЕСЕП 3:1
Марокко – Испания	ЕСЕП 3:0
Португалия – Швейцария	ЕСЕП 6:1

1/4 финал

9 желтоқсан 21:00	Хорватия – Бразилия	ЕСЕП
15 желтоқсан 01:00	QF1 – QF2	ЕСЕП
10 желтоқсан 01:00	Нидерланд – Аргентина	ЕСЕП
10 желтоқсан 21:00	Марокко – Португалия	ЕСЕП
16 желтоқсан 01:00	QF3 – QF4	ЕСЕП
11 желтоқсан 01:00	Англия – Франция	ЕСЕП

Жартылай финал

18 желтоқсан 21:00	W(SF1)W(SF2)	ЕСЕП
17 желтоқсан 21:00	L(SF1)L(SW2)	ЕСЕП

3-орын үшін ойын